

П И О Н Е Р



Сентябрь

1949 жыл

№ 9



МЕКТЕБІМ-ЛЕНИН МЕКТЕБІ



А. ХАНГЕЛДИН

Бәйшешектің гүліндей
Білім алып талай жан,
Жадырап жаздың күніндей
Есігіңнен аттаған.

Дәрігер, ғалым, инженер,
Агроном, астроном,
Жазушы, артист, офицер

Оқуды сенен жаттаған.
Талай ғалым, данышпан,
Тәрбие мен үлгіні
Сенен алып көз ашқан,

Сенің биік қыяңнан,
Ар, ұят деген екі сөз
Қасиеті адамның,
Оны жақсы білеміз,

Алынар сенің ұяңнан.
Орның өзге басқадан,
Советтік еркін мектебім.
Мен балаң сенің, сен анам,

Ыстықсың күннен көктегі.
Данышпан көсем Сталин
Әділдік пен шындықтың
Көтерген туын ұстазым

Мектебім—Ленин мектебі.

Быйыл республикамызда 200.000 бала бірінші рет мектеп есігін ашты.
Суретте: мектепке бірінші рет келген Алматы қаласындағы 56-ербалалар мектебінің бірінші класс оқушылары (солдан оңға қарай) Бақытжан Момышұлы мен Ізмұқан Халелов.

Суретті түсірген П. РЕДЬКО.

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНДА ЗОР ТАБЫСҚА ЖЕТІЗДЕР

К. И. ГУРОВА.

Қазақ ССР-нің еңбегі сіңген мұғалімі

Қымбатты балалар!

Сендердің көптен күткен күндерің — жаңа оқу жылы басталды. Отанымыздың ондаған миллион мектеп балалары кластарға еніп, сабақтарың оқып бастады.

Қазақстан мектептерінде быйылғы оқу жылында оқуға тартылған балалардың саны миллионнан артты. Оның ішінде 200.000 бала быйыл бірінші рет мектеп есігін ашып отыр. Республикамыздың астанасы Алматы қаласының бір өзінде ғана жеті жасқа толып, быйыл мектеп есігін бірінші рет ашып отырған балалардың саны төрт мыңнан артық.

Қымбатты балалар! Қазір сендердің өмірлеріңде ең басты іс — ОҚУ. Сқығанда қалай болса солай емес — ерінбей, табанды түрде, отлучно оқу керек. Ғылым негіздерін терең меңгеріп, оларды ойдағыдай білу — әрбір оқушының қасиетті борышы болып табылады. Орыс тілі мен әдебиеттің, математика мен физиканың, химия мен биологияның алғашқы заңдарын толық білмеген адам қазіргі замандағы — атом қуаты және реактивтік қозғалыстардың ашылуымен байланысты ғылым жаңалықтарынан ешнәрсе түсіне алмайды. Сондықтан да, балалар, қазіргі — ғылымның өркендеуі адам баласы өсіп-білмеген дәрежеге көтеріліп отырған заманда, ғылымдардың негізін меңгеруде сендер осы бастан өздерің өздерің ерекше қатал талап қоюларың керек.

Большевиктік партия, совет үкметі және Сталин жолдастың өзі сендердің оқуларына толық мүмкіншілік туу үшін керекті жағдайлардың бәрін де жасап, үнемі қамқорлық етіп отыр. Ұлы Отанымыз сендерге керекті қажеттің бәрін де жасап беруде, балалар. Ол сендерде сабақты жақсы оқып, білімді, отаншыл, Ленин — Сталиннің ұлы ісін алға алып баруға лайықты азамат болып өсулеріңді ғана тілейді.

Совет мектебі балаларды ұйымшылдыққа, — саналы тәртіпке, коммунистік адамгершілікке баулыды. Мұғалім — мектептегі басты фигура. Сондықтан да ата-ана өзінің ең қымбаттысы — балаларын тәрбиелеуде мұғалімге зор сәтім білдіреді.



Мұғалім балаларды өз алдына өмір сүруге дайындайды. Олардың дүние танушылығы мен мінез-құлықтарын қалыптастырады. Балаларды Отан игілігі үшін күресіп, еңбек оқуға әзірлейді.

Міне, балалар, сендердің тәрбиешілерің — совет мұғалімдері осындай адамдар. Сендер оқудың алғашқы күндерінен бастап мұғалімдеріңнің, класс жетекшілеріңнің айтапның бұлжытпай орындап, сабақтарыңа осы бастан күнбе-күн дайындалып келіп отыруларың керек. Бұл сендердің Отан алдындағы ең бірінші және құрметті борыштарың екенін естеріңнен шығармаңдар!

Жас пионерлер!


Мұғалімдер сендерді өзінің сенімді көмекшілері деп біледі. Сондықтан сендердің міндеттерің — класта сабақ үстінде, үйірмелер мен мектептен тысқары жұмыстардың бәрінде де үнемі алдыңғы қатарда болу; басқаларға ұйымшылдық пен ұқыптылықтың, тапсырылған істі бұлжытпай орындаушылық пен ынталылықтың, ерінбеушілік пен еңбек сүйгіштіктің үлгісін көрсетіп отыру. Үйде және көшеде, семьяда және қоғамдық мекемелер ішінде өздеріңді дұрыс ұстап, тәртіпті болыңдар; мектеп өмірінің негізгі заңы — «Оқушыларға арналған ережені» бұлжытпай орындаңдар.

Балалар! Жазғы каникулдеріңнен кейін сендердің алдарыңнан тамаша мектептеріңнің есігі тағы да бей ашылып, өздеріңді анадай зор мейірбандықпен қарсы алды. Мектепте сендерді көп, әрі қызықты істер күтуде. Ол қызықты істер — сендер алдағы класта оқып білуге тиісті математиканың, физиканың, химияның, астрономияның т. б. жаңа ережелері мен формулалары, неше алуан қызықты заңдары. Сендер жаңа оқу жылында көп жаңалықтарды біліп, табиғаттың сансыз қызықты істерімен танысасыңдар.

Оқу жылының басталуымен құттықтаймын сендерді, балалар! Бүкіл совет халқы және көсеміміз Сталин жолдастың өзі көңіл бөліп, қамқорлық жасап отырған оқуларыңда сендердің зор табысқа жетулеріңе тілектеспін.

Ленин — Сталин ісі үшін күреске дайын болыңдар!





Ауыл мұғалімі

М. ИМАНЖАНОВ

(Повесть, жалғасы, басы өткен санда).

Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ

АЛҒАШҚЫ СИЛАР

Жақын бүгін күндегісінен де ерте ояңды. Алматыдан кетерде алған жібек иыжамын иле салып, тысқа шықса таң жаңа таңа саз беріп атын келеді екен. Қоңыр асыан көкшіл тартып, айқындалып, жиі жүлдіздар сиреп қалыпты. Түн қараңғысы басқан шығыстағы жасыл бөл бой көрсетіп қарауыта бастаған. Оңтүстік, солтүстік, батыс жақ белестегі қырман басына үйілген астық маялары да қылаң беріп, көзге шалынды. Ауыл жаңындағы қара су да ұйқысынан оянтандай бөті таңдайлана толқып, сынатпай жалтырап көрінеді.

Ауыл адамдары аяқтарын шыйрақ басып, еңбек майданына түс-түстан ағымын барады. Мөңіреген сыйыр, үрген ит, дыбырлаған адам, күріздеген машина дауыстары біріне-бірі ұштасып, азанғы тылмы ауаны жаңғырта алысқа кетіп жатыр.

Айналада қызыға көз жіберіп өтті де, Жақын гимнастикаға кірісті. Таза ауаны кең кеудесі толғанша ішіне тарта дем алып, бұлнық еттерін ырғап, әрлі-берлі керіле шыйыршық атқан оған аңадай жерде сыйыр сауып отырған Тойтық таңдана қарады: «Ой, тоба-ай, күнде азаннан тұрып алып, өзін өзі осынына неге азапқа салады екен?» деді ішінен. Оның желкіш сауақтары емшектен сәл босап кеткенге құтылдым ба дегендей, өріске асыққан қызыл сыйыр ілгері қозғала беріп, Тойтықтың қайтадан шап берген уысын сезіп тұрып қалды.

Үйде түнде кеш жатса да, ерте оянып, көзіп бір ашып, бір жұмын Күдері жатыр. Ұйқысы сергек ол, Жақынның бүгін екі жағына кезек аударылып, төңбегінің ұйықтай алмай шыққанын аңғарды. «Бұл неге мазасызданды? Тойтық бірдеме деп, ренжітін, бізге өкпелен қалды ма? — деген ой келін, себебін білуге асығып, ол да тысқа шықты.

— Неге мұнша ерте тұрдың? — деді Жақынның қасына келіп.

— Ертрек жатқанға ма, ұйқым қанып қалыпты, — дей салды Жақын.

Оның бұл жауабы Күдеріні қанағаттандырмады. — Қайдағы ерте, түн ортасына таяп жатқанымыз жоқ па?

— Білмеймін, әйтеуір ұйқым қанып қалыпты, — деді Жақын көңілсіз.

Мұнда да жалтарғандықтың белгісі бар деп шамаларан Күдері:

— Сен бізге дәуде болса ренжіп жүрсін. — деді шубасын жасырмай... Біздің кемпірдің мінезі азаман екені рас. Бірақ жасына жетпей алжып бара жатқан ел шіркінің сөзін көңілге алудың да қажеті жоқ еді...

Күдері сөзінен ыңғайсызданған Жақын атынан жарылды:

— Ақсақал-ау, ол не дегеніңіз. Шешем байғұстан бірауыз бөгде сөз естідім бе екен? Не деп ренжімін сіздерге?...

— Әй, білмеймін...

Жақын өзінің ұйықтай алмаған себебін ашық айтты... Осы ауылға келгеннен бері жарғақ құлағы жастыққа тимей, колхоз өмірімен танысуда болды ол. Колхозшылардың үйін аралады. Оқу жасындағы балалардың тізімін алысты. Бригадаларға шығып, еңбек майданында болды. Ауыл интеллигенттерімен, мұғалімдермен кездесіп, келешек қызмет жайында пікірлесті.

Жаңа қоныс, жаңа кәсіп оған көп нәрсені аңғартты. Колхоз дәулеті шалқып кеткен. Колхозшылар көңілді. Олардың қымылынан отты жалын сезіледі. Еңбек құнарланғын, жемісі молшылықты мезген, тәуір-ақ биіктеп алған. Әйтседе, осындай қуантар сан шілік көлеңкесінде әлі де серпіле алмай жатқан жеке жайлар да «мен мұңдалайды». Әресе, мектеп, мәдениет орындары көңіл көншітпейді. Бұлар көп елпібей, ұлыз істің ішінде онша ескерусіз, қағажуда қалып келе жатқанға ұқсайды.

Жақын мұны күтпеген. Ауыл өмірінің жүрегі, тынысы, өзегі — мектеп деп білген, мектеп деп келген. Ол болжауы болмағанда бір жағынан қабақ шытса, екінші жағынан алда үлкен іс тұрғанына үңіле қарап, қатты сезініп, өзіне ауыр жүк артады да, шый-

* Қысқартылған түрі.

рытады. Әр алуан ойға кетіп, шұғыл бір өзгеріс бастауға асығады. Қатты асығады. Бір ісімен айтулы, енді бір ісімен кешеніңмен жатқан, мұндай ала-кұла-лы ауылды емес, бұл қалыңнан әлдеқайда озық, бар ісімен көрікті жаңа ауылды аңсайды ол. Асқар тау-дай айбары мен ісі бар, ой-ұғымы, жан дүниесі өзгеріп, биіктеп, сұлуланып, алға кеткен колхозшы шаруалардың қыймылы да, мүддесі де, дәл осындай ауылды керек етпей ме, әр мұғалім де осындай ауылда тұрып, осындай ауылда қызмет етуді қаламай ма дегенге арқа тіреп, үлкен сеніммен қыялдайды ол.

Жақыптың ұйқысын қашырған, мазасыз ойлар осылар еді.

Бұл жайға қанғаннан кейін Күдері көңілі орнына түскендей болып, шырайланып, кірбің тартқан қабағы жазылып сала берді. Жақыпты төңбекшіткен ой оны мазалар түрі жоқ. Бұл жастыққа тән өткірші күй, әлі-ақ қызмет басты болғанда мұндай әдемі қыялдар тозығы жеткен боздой ыдырап, шыңдықтың өз жүзі айқындала бастайды, содансоң сен де соның ыңғайына көшесін, — деп ойлаған ол кексіз мысқылмен бір жымыйып қойды да сөзге кірісті.

— Бала-ай, кім оны өскермей жүр дейсің. Бәріміз де ойлаймыз... Бірақ, соның бәрі ой-оңай жасала бөре ме? Әр нәрсенің шама-шарқы, орны болмай ма, — деп көпті көрген мына біз оны жақсы білеміз деген шарашпен үлкендік ретінде өзінше басалқалық көрсете, сөз аяғын жаймашуаққа салды.

— Күлашың кең самғап биікке өрлеуі де, немесе күншығын, күйбең тартуы да адамның өз қолында. Тілесек, шығандап-ақ кетер едік-ау деп ойлаймын.

Жалт етпе ұшқыр сөзімге жоқ, басқаға елігің тез әсерлене қоймайтын және талас-тартысты да оңша қаламайтын Күдері Жақыппен сөз таластырығысы кел-мелі білем, оның жауабын естімегенге салынып:

— Мен мектепке барып, жұмыс жайып реттейін, сен шай ішіп жайырақ келерсің, — деп асыға басып жүріп кетті.

«Бұл не деген парықсыз жан. Жаным толғандырып, қыйналмай, ыстығына күйіп, суығына тоңбай, алдына биік мақсат қоймай, қалайша бүйтін қызмет істеуге болады. Түсінебеймін», — деп күбірледі Жақып, Күдеріден көкке дейін көз алмай.

* * *

...Ашу шақыруға көп жүгіре бермейтін, ал тұтана қалса морт кететін Күдерінің даусы кейістік білдіре қатты шықты.

— Колхозға оңбаған завхоз қожа ма, жоқ председатель қожа ма, өзіңнің айтын тұрғаның не? — деп сөзіңдеді ол.

— Жайша ма, ақсақал? — деді Жақып Күдерінің қасына келіп.

— Кеше екі арба ағашқа колхоз председателі рұқсат берген еді. Соны түнде айдың жарығымен тасып ала қойыңдар деп, мына екеуін жіберсем, завхоз бермеді деп сүмірейін келіп тұрғанын көрмейсің бе?

Екі жас жігіт мұрындары терішіп, директорға ештеңе дей алмай кінәлы адамдай үнсіз сілейін тұр.

— Бар, барыңдар, — деді Күдері зекін. Олар кеткен соң:

— Бұларға сенсең, барлық іс қарап қалады. Бәріне де өзің жүруің керек. — деп қабақ шытып, теріс айналды.

— Бәріне өзіңіз жүрмеңіз. Тапсырыңыз бізге, — деді Жақып.

— Тапсыр, — деді ашуы әлі тарамған директор кекесін пішімен. — тапсырғанда тындырып отырғандарың мынау ғой.

Ол «тындырып отырғандары» деп айтпақшы еді, аузына етқызумен «отырғандарын» болып шығып кеткенін алғашқыда өзі де байқаматы. Жақыптың көңіліне келіп қалар деді білем, онысың ізінше дереу жуып шайды:

— Бұлармен, істес болсаң шаныңды ағартады, шырақ, — деді Жақыпты даралай, алгі сөзінен оның басын аршып.

— Сол ағашқа мен барайын, — деді Жақып.


— Сенің баруыңның ешбір қажеті жоқ. Бүгін мектептің іші-тысын сылап бітіруіміз керек. Сен соған бас-көз бол...

Жақып мектеп үйін жөндеушілер тобына қосылды.

— Анна Павловна, маған қандай жұмыс бұйырасыз? — деді ол орыс тілі мұғалімінің қасына келіп.

— Жер қазасыз.

— Жоқ, ол кісі лай тасысын, — деді Бану деген жас мұғаліма жайрандап.



— Мені әйтеуір ең қызын жұмысқа салыңыздар, — деді Жақып күліп.

— Ең қызыны — лай тасу. Оншақты рет зембіл көтергеннен кейін екі қарыңыз салдырап үзіліп кете жаздайды, — деді әлгі мұғалима.

— Тегі, басыңыздан кешіргенсіз ғой. — деп әзілдеді Жақып.

— Кешіргенім рас.

— Онда сізге көмектесейін, — деп Жақып зембілдің бір жағын келіп ұстады.

Жұмыс арасында Жақып пен Бану көлеңке іздеп мектептің ішіне кірді де, кластың арт жағын ала терезе алдындағы партаға барып отырды. Жақыптың көзі алдындағы партаның суырмасында, пышақпен ойылып жазылған жазуды шалды.

— Тұяқ Саламатов.

Бану оған жалт қарады.

— Сіз бірдеңе дедіңіз бе?

— Мына жазуды оқып отырмын.

— Ондай жазу мұнда да бар, — деп Бану өзі отырған партаның суырмасын пұсқады.

— Серік Баймұратов, — деді Жақып әлігіден де гөрі сәлекет ойылған жазуды оқып.

— Бұл екеуі — кластағы тәртіпсіз, теңтек балалар. Айтып жөнге сала алмай-ақ қойдық.

Жақыптың есіне осында келген күнгі кездескен екі бала түсті. Мүмкін, солар шығар деген ой да желді. «Ауыл аралағанда бұларды не қып көре алмадым екен» деп аз ойланып отырды да:

— Бұл екеуі сабақты қалай оқыйды? — деп сұрады.

— Оқыса, екеуі де алғыр, бірақ ойынды көбірек күйттейді де, сабаққа мойын бұрмайды.

Жақып бұрын мұғалім болып, бала оқытып көрмесе де, педагогикалық көп еңбектерді институтта программа бойынша ғана емес, былайша да оқып, зерттеп келген-ді. Оның ішінде Ушинский мен Макаренконы қызыға құнттап оқып, адам тәрбиелеу мәселесінде бұрынғы-соңды педагогтерден кезіктіре алмаған тын



сұрақтарға жауапты солардан тауып, өз болашағын солармен астастырған. Әресе, ол Макаренкоға көбірек үңілетін. Оның еңбектерінен жаңа қоғамның мүддесінен туған ұлы жаңалықтардың сырын ұғып, соны ойларға молығатын. Тамаша ұстаздың ықпалымен өскен ол балалардың «жақсысы», «жаманы» болады деген ұғымды білмейтін. Рас, — дейтін ол, — әрбір бала бірін-бірі қайталамас дара қасиет иесі, олардың өздеріне тән түрлі ерекшеліктері де, өскен ортасы, алған тәліміне қарай озық-созықтығы да бар. Бірақ, мұның бәрі тәрбиені жоққа шығармайды. «Жақсы», «жаман» деген ұғымға қақ жара бөлмейді. Адам тағдырының қожасы, адамды «жақсы» «жаманға» бөлетін — тәрбие. Олай болса, тұл тәрбие жоқ. Ол қандай да болса өз жемісін береді. Мұндайда оның көз алдынан Антон Семеновичтің колониістері өтетін. Олар педагогтік өнерге деген сенімін шыңдап, бойына күш құятын.

Адам тәрбиелеу дегенге осылайша қарайтын Жақып болашақ өз жұмысына асқан сеніммен үңіледі. Парасатты тәрбие болса, тәрбиеленбейтін бірде-бір жас болмақшы емес. Бұл жөнінде жеке мектептер, мұғалімдер сәтсіздікке ұшырап жүрсе, ол солардың өз кінәсы деп ойлайды.

Банудың Серік пен Тұяқты «жөнге сала алмадық» дегені оның көзіне осы «кінәны» елестетті. Сондықтан да, ол іштей ашына, сырттай байсалдылық көрсете, сөз салмағын мектепке арта сөйледі.

— Кішкентай жандардың титімдей жүрегің игеріп алмай—адам тәрбиеледім, оқыттым деп малдану—алдамын бос үміт екенің біз кейде ескере білмейміз ғой деймін. Әйтпесе, Тұяқ, Серіктер шырық бұзып жүрмес еді ғой.

Бану: «Баламен істес болып көрмеген, жалаң теорияның адамының сөзі ғой бұл» деп ойласа да, Жақыптың батыл пікіріне терең түсіндім дегенді білдірмей болып:

— Сіз нағыз педагог екенсіз, — деп өзіңше сүйсінгендік шырай көрсетті.

Училищені бытыр ғана бітірін келген, білімі төмен оның қарт педагогтарша жоғары білімді бұған аталық ірі сөз айтқанын Жақып ерсілеу көріп және оның үстіне Сақыптың бір сөзі есіне түсіп, күліп жіберді.

— Неге күлдіңіз? — деп сұрады Бану сөзім ұнады ма деген емеуірінмен.

— Менің бір досым сенен жақсы педагог шықпайды деп еді маған. Сіз ұлылыққа бір-ақ секірттіңіз. Қайсыңызға ыйлапсам екен?

Бану:

— Өз жүрегіңізге жүгініңіз. — дегеннен басқа ләм-мем деген жоқ.

(Жалғасы бар)



БАҚШАШЫ БАЛА ОСПАНТАЙ



Х. ЕРҒАЛИЕВ

Бәлкім сізге бұ да тәлім бола алар,
Көргенімді мен айтайын, балалар:
Жазда аңызак, қыста басты борасын
Әженіздің ағаш үйін, қорасын.

Сол қорада жыйнап қоқыс, сабанды,
Жыл бойына бір аудармай табанды,
Қырық бес жерден бүкпе темір кұрса-
на,
Жатушы еді жер бауырлап бір шана.

Бұлттар көшкен қоңыр салқын болса
күз,
Жапрақтар да желмен ұшып амалсыз,
Құс секілді оқ сындырған қанатын,
Сол қораға қаңғалақтап қонатын.

Балалар да сол қораны таптайтын,
Сол қорада доп жоғалса таппайтын;
Қері кемпір тазарта алмай қорасын,
Қопсытатын сабандардың арасын.

Қоқыс исін кемпір жаман қарғайтын,
Сөйтседағы өз қорасын қорғайтын;
Пеш түбінде бүрсең қағып алты ай қыс,
Ала жаздай жөтелетін ол байғұс.

Қолхоз келді, өмір мүлде өзгерді,
Көшелердің шамдарын да көз көрді;
Қоқыс жайын кемпір ұзақ ойлады,
Оңайлықпен қоқыс кете қоймады.

— Егер менің балам болса... Дәл содан
Безер еді бұл қоқыс пен бұл сабан...
Әттең бір ұл немесе бір қыз.... — деді,
Ертеңіне кемпір бала іздеді.

Күн ашылды, алғашында бұлт еді,
Кемпірді жұрт жолға салды, сілтеді:
— Сонау алыс «Детдомдағы» панасыз
Балаларға бүгін жетіп қонасыз...

Қолхоз берген атпен жортып жөнелді,
Кемпір сонда қуанышқа кенелді;
Төбелерде ескі зират көп қалды,
Үлкен үйге кемпір келіп тоқтады.

...Ул табылды, оның аты — Оспантай.
Оның бойы өздеріңдей кішкентай;
Оның жасы тоғыз, оның бірінде,
Болашақ тұр от жайнаған түрінде

II.

Оспантайды ойландырды бір күні
Әжесінің жөтелі мен кірбіңі.
Әке де сол, шеше де сол бір кемпір,
Оспантайы — азаматы бірден-бір.

Түстен кейін, мектебінен келген соң,
Әжесінің көңілсізін білген соң,
Оспантайы әңгімесін бастады,
Кемпір байғұс бас изеді, қостады.

— Сыр жүгірген әйбет шана кешегі —
Бүгін өлік, қоқыс соның төсегі,
Көшіремін жер бетінен барлығын,
Керек соған, әже, сенің жарлығың.

— Мақұл, мақұл, мақұл деймін, мақұл
ғой,
Құлыншағым жүрген жерің ақыл ғой.
Бек қуантты әжесінің бұл сөзі,
Ушар еді қанатты жан болса өзі...

— Қорамызда желкілдесің жапырақ,
Қорамызға орнатамын жасыл бақ,
Жасыл бақта біздер тамақ ішеміз,
Ыстық күнде саясына көшеміз.

— Мақұл, мақұл, мақұл деймін, мақұл
ғой.
Құлыншағым, жүрген жерің ақыл ғой.
Бек қуантты әжесінің бұл сөзі,
Ушар еді қанатты жан болса өзі...

Бала кетті жыйнау үшін достарын,
Кемпір қалды ойлау үшін жоспарын,
Кешке жақын үлкен жұмыс басталды,
Екі-үш күнде шана маңы бос қалды.

Жоямыз деп шананың да қаңқасын,
Құртамыз деп, шіріп түскен жаңқасын,
Бала біткен барлық күшін жыйнады,
Кемпір байғұс сол шананы қыймады.

— Қайда, қайда апарасың шананы?
Барлық бала қоршап алды ананы;
Біреу айтты болады деп тамызық,
Біреу суға жібермекші ағызып.

Отқа, суға қыймаған соң шанасын,
Барлық бала есіркеді анасын:
— Таптым орын, таптым! — деді Оспантай,
Оның өзі сондай тапқыр кішкентай...

— Барсын, — деді, — музейіне колхоздың.
Жұрт шулады: — Жөні бар, — деп, — бұл сөздің...
Кетті шана табандары қыйқайып,
Басы ғана бұрынғыдай қайқайып.

III.

Питомниктен шыбық алды Оспантай,
Шыбықтары дәл өзіндей кішкентай;
Жас ағашын иіп қойды ол енді —
Қора-жайы жасыл баққа бөленді.

Оспантаймен бірге өсті әр ағаш —
Бірі қайың, бірі емен, кара ағаш;
Бақта бала қыста ойнап жалаңбас,
Жазда кітап оқып жатты жалаңаш.

Шам да жанды. Шіркін, кәзір түн қандай!
Көктен бейне жұлдыз жерге қонғандай.
Мөлдір бұлақ бақ түбінде жалтырап,
Суда да бір жұлдыз жатыр қалтырап.

Көптен бергі жөтелінен жаңылып,
Арман еткен жапырағын жамылып,
Кәрі кемпір тыным алды бақшада,
Гүл-гүл жайнап жасарғандай нақ сонда

Шанаға ол кейде барып қайтады,
Оны көрсе баяғысын айтады.
Кеште олар баққа шамын жағады,
Жарық түнде жаңғағын да шағады.

Күнде солай баққа олар кіреді,
Бастарына гүл де киіп жүреді;
Сол уақытта әжесі мен баласын,
Танымайсың, гүл екен деп қаласын.



К И Т А П

Бетіңе сенің қараймын,
Тартарлық сенде сыр бардай.
Әр әрпінді санаймын,
Жөн сілтеп маған тұрғандай.

Жан азығым сенде тұр
Жасымда мен алатын.
Жүрегіме себер нұр
Бақыт та сенде жанатын.

Сені оқысам жадырап,
Жан рақат тапқандай,
Келешегім жарқырап,
Шақырып тіл қатқандай.

Терең сүңгіп сырына,
Маржаныңды теремін.
Сен сарқылмас бал бұлақ.
Жан азығым-керегім.

Ж. ТУРБЕКОВ



К. СӘДЕНОВ

Суреттерін салған Ә. ХАЙДАРОВ

ҮМІТ ӘЗІЛІ

Жұмыстан келген шахтер, бесікті тепкілей ойнап жатқан, сәбиді шөпілдетіп кеп сүйді.

— Қойшы, баланы жеркендіріп, қолы-басыңның күйесімен, — деді әйелі.


— Пәле, қасиетті көмірден бала жеркенуші ме еді?

— Қасиетті болса да, сендей шахтер емес, инженер болатын шығар.

— Инженер болса да, көмірдің инженері болар, ол да көмірші, менің мұрагерім емес пе?

Бұған:

— Ия, — деп қостағаннан бөтен әйелі сөз таппады...



ЗАВОДТЫҢ МҮШТІГІ

Қадиша жеңгей, осы болат заводында екі жылдан бері істейтін ерінің жанына колхоздан бұдан бірнеше күн бұрын ғана көшіп келді. Қала салтанатын бажайлап әлі көріп те үлгерген жоқ. «Бүгін бір аралап көрейін» деп төрт жасар ұлы Әбілмұсаны жетектеп көшеге шыққан.

Көшеден көше өтіп келеді. Күрте қарлы кейбір бұрыштарда бала аяғын көтере алмай, томпалаңдап жығылып та қалады. Бірақ, мұны елеп келе жатқан ол жоқ.

Бірнеше көше өткен соң бала көзіне сонау қабат-қабат әдемі үйлердің ар жағындағы болат заводының өнешін көкке созған биік трубасы шалынды. Онан шұбатылып түтін шығуда.

— Тәте, ойпой-ой, мынау мүштік үлкен екен, ағамның мүштігінен де үлкен, ол кімдікі? — деп сұрады сәби.

— Заводтікі ол, көкем.

— Мүштігі неге үлкен?

— Заводтың өзі үлкен, сонсоң мүштігі де үлкен.

— Завод деген кім?

— Завод деген—завод, былайша айтқанда, дөкей, мықты алып.

— Папамнан да мықты ма?

— Мықты.

— Темекіні папамнан да көп тарта ма?

— Көп тартады, күні бойы, түні бойы тартады.

— Ұйықтамай ма?

— Ұйықтамайды, ұйқысы келмесін деп темекіні көп тартады.

— Неге ұйықтамайды?

— Жұмысы көп, ұйықтауға қолы тимейді.

— Үйіне де қайтпай ма?

— Қайтпайды, істей береді, жұмысты істей береді.

— Неге қайтпай, істей береді?

— Ауылда да, қалада да сен сыяқты балалар көп, солардың бәріне сырғанақ, тебетін шана, коньки, палау жейтін қасық, жақсы ойыншықтар істеп беремін деп қайтпайды. Сонсоң үлкен кісілерге самолет, паровоз, автомобиль, патефон істеп береді, соны бітіріп беремін деп қайтпайды.

— Маған да шана істеп бере ме?

— Саған да істеп береді.

— Папама не істеп береді?

— Самолет немесе велосипед, оны қаламаса, автомобиль істеп береді.

— Саған не істеп береді?

— Көйлек тігетін машина, ол болмаса, самауыр не патефон істеп береді.

— Қолхоздағы Разия тәтеме де істеп бере ме?

— Оған да істеп береді.

— Егін салатын трактор немесе сүт тартағын машина, әйтпесе, самауыр істеп береді.

— Ия, бәрін істеуге шаршамай ма?

— Шаршамайды. «Шаршама, үлкен кісіге де, балаларға да керек дегенінің бәрін істеп бер» деген Сталин.

— Папама да шаршама деген Сталин бе?

— Ия, Сталин. Үлкен кісілер мен балаларға керектісін істеп беруге заводқа көмектес деді ол папаңа.

— Ол, ол завод жақсы кісі ме?

— Елге керектің бәрін істеп бергеннен кейін, әрине, жақсы кісі болады ғой.


— Ендеше біздің үйге келіп, неге тамақ ішпейді?

— Қолы тимейді дедім ғой, көкем...

Екі көзі заводтың түтін будақтаған труба-сында, бала шешесіне әлі сұрақ қойып келеді. Шешесі жалықпай әлі түсіндіріп, жауап беріп келеді. Шешесінің берген түсінігін естіген са-

йын баланың көңілі қоштанып, көзі саулеттене түседі, нұрлы жүзі ақшыл қызыл алмаша жаннатана түседі, бұл үлкен қуаныш белгісі еді.

Баланың сол қуанышынан, өмірге ризалықтың, сәбидің өзіндей сүйікті белгісі көрінетін сыяқты еді.



Я Н Е К

Юлиан ТУВИМ.
поляк ақыны.

Балғыда болыпты
Янек деген есуас,
Істеген ісін-қылығын
Білгіз келсе, құлақ ас.

Елекпен көлден су алғас
Күсқа ұшуды үйреткен.



Тағала деп мысықты,
Ұстаға барған тілекпен.


Масаны көрсе болғаны,
Балтаға қарай ұмтылған.
Отын тасып тысқа үйден,
Үйге әкеп, қоқыс толтырған.

Қыстың күні жүріпті ол,
Көкала мұздан үй қалап:
Көктемде дачам болсын деп,
Таңқаларлық жұрт қарап.

Тамызда қызған күнді ол
Болыпты үрлеп өшірмек.
Болдырған атқа орындық
Ұсыныпты отыр деп.

Күндерде бір күн он соммы
Сатыпты бес тыйынға.
Дәлдірлігін Янектің
Түсіну енді қыйын ба?!...

Аударған М. ӘЛІМБАЕВ.





ХАЛЫҢ БАТЫРЫ

В. И. Чапаевтың қаза тапқанына 30 жыл болды.

Ақ Жайықтың асау толқын-дары аспанға атылып жатты. Тулаған толқынға қосарланғандай, пулемет оғы да жаңбырша жауады. Аранын ашқан екі ажалдың арасында жалғыз жан арғы жағаға асыға ұмтылады. Бірақ долы толқын оның өр кеудесінен кері итеріп жібермейді. Ал артта анталаған жау оған ажал оғын төге түседі. Қанша қарсыласса да, күші басым қос дұшпан оны еркіне қоймады. Денесіне дұшпан оғы дарыған есіл ер Жайықтың суына сүнгіді де, жоқ болды. Балалар, бұл адамның кім екенін өздерің де біліп отырған шығарсындар. Өйткені оны сендер кинодан талай рет көрдіңдер. Ол, Қызыл Армияның ка-

рман қолбасшыларының бірі, азамат соғысының батыры В. И. Чапаев еді.

Бұл уақытқа бұдан 30 жыл бұрын болған. Ол уақытта біздің советтік республикамыз өте жас болатын. Осы жастықты пайдаланып, шетел капиталистері біздің елімізге тұс-тұстан шабуыл жасады. Шетел басқыншыларына қарсы күресте совет халқы талай асқан батырларды туғызды. Соның бірі — В. И. Чапаев.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы кезінде Чапаев большевиктер партиясының қатарына мүше болып кірді. Революция ісі үшін, совет өкметін ішкі-тысқы жаулардан аман сақтап қалу үшін күрестерге белсене қатысты.

1918 жылы патша генералы Дутов Самарды (кәзіргі Куйбышев қаласы) алуға аттанды. Ұлы көсемдеріміз Ленин мен Сталин өз Чапаевын патша генералына қарсы қойды. Чапаев бастаған дивизия ақ генералдың әскерінің тас-талқанын шығарды.

1919 жылы ақ адмирал Колчак совет өкметіне қарсы жорыққа аттанды. Ол бүкіл Сибирьді басып алып, Еділ бойына төніп келді. Қызыл Армияның ең таңдаулы бөлімдері Колчакқа қарсы күреске шықты. Мұның ішінде Чапаев та болды. Ол өзінің даңқты 25 дивизиясымен Бузулук, Бугуруслан, Бөлебай, Уфа, Орал қалаларын және Сахарная станциясын ақтардан азат етті. Ілбішін қаласы үшін болған қатты ұрыстардың бірінде халқымыздың сүйікті ұлы, азамат соғысының батыры Василий Иванович Чапаев ерлік өліммен қаза тапты. Алайда біздің халқымыз өзінің ержүрек ұлы Чапаевты өлді деп санамайды. Оны әрқашанда өзімен бірге деп есептейді.

Т. ШОЙЫНБАЕВ,
тарих ғылымдарының кандидаты.

Н. А. Островский: «Кітап аз болсын, бірақ құнды болсын. Жаман кітапқа кітап сөресінен орын жоқ» деп жазған еді. Елімізде социализм орнату үшін жүргізілген күреске бар өмірін қалтқысыз арнаған Николай Алексеевич Островский «Кұрыш қалай шынықты», «Дауылдан туғандар» атты екі ғана кітап қалдырды. Бұл екі кітап әрбір совет азаматының асыл мүлкіне айналды. «Оқып тастарлық та кітап бар, оқып үйренерлік те кітап бар, ұлттың, халықтың жүрегінде сақталарлық та кітап бар» дейді қытай халқының мақалы. Н. Островскийдің кітаптары — совет халқының әрі оқып үйренетін, әрі жүрегінде сақтайтын мұрасы.

24 жасында екі қол, екі аяқ, екі көзден бірдей айрылып тән мүгедектігінің ауыр азабын тартқан Н. Островский, өзін халқымыздың социализм үшін күресінен тыс қалдырмау шарасына кірісті. Ұлы күрестен өзіне орын таба білді. Ол өз өмірін, өз арманын жас ұрпаққа кітап арқылы жеткізуге талаптанды. «Кұ-

ЖАУЫНГЕР — ЖАЗУШЫ

Н. А. Островскийдің туғанына 45 жыл толды.



рыш қалай шынықты» деп ау қойып, Қорчагиннің-Островскийдің және оның серіктерінің басынан өткен күрес оқиғаларын баяндай бастады, достары кезектесіп жазып отырды. Жалынды жазушының бұл тұңғыш романы 1934 жылы аяқталды. Романның бас геройы Павел Қорчагин: «Адамның ең қымбаттысы — өмір. Ол адамға бірақ рет беріледі, сондықтан оны баянсыз өткен жылдарға өкінбейтіндей, бастан кешірген зұлымдық пен пасықтықтың масқаралығы жанды жемейтіндей етіп өткізу керек, өйткені, өлерінде: бар өмірім мен бар қуатым дүниенің көріктісі — адам баласын азат ету күресіне арналды дейтін болуың керек», дейді. Дәл осы пікір бүкіл романдағы оқиғалардың арқауы.

Қорчагиннің өмір үшін күресінің нысанасы болады.

Н. Островскийдің екінші кітабы — «Дауылдан туғандар» атты роман.

Ол романның бірінші кітабын 1936 жылғы декабрьдің 14 күні аяқтады. Романның екінші, үшінші кітаптарын жазуға жазушының денсаулығы мүмкіндік бермеді. Сары ауру жеңген, тынымсыз күрестен қажыған жазушы декабрьдің 22 күні қайтыс болды.

Николай Островский екі ғана кітап жазды, бірақ халқының жүрегінде мәңгі сақталатын кітап жазды. Н. Островский совет әдебиетінің даму жолындағы тамаша тұлға, ерекше шыққан жазушы. Оның өз өмірі және романдары совет жастарына әрқашан үлгі бола бермек.

К. ЕЛЕМЕСОВ



ДОСТЫҚ САЛТАНАТЫ

„Жастар, бірігіңдер!“

Венгрияның астанасы — Будапеште августың 14-інен августың 28-іне дейін жастар мен студенттердің дүние жүзілік фестивалы болып өтті.

Көркемөнердің әр саласынан, сондай-ақ спорт ойындарынан оқтын-оқтын ұйымдастырылып тұратын мейрамдар — фестиваль деп аталады. Мұнда әр елдің жас өнерпаздары өздерінің ұлттық көркемөнерінің үздік табыстарын ортаға салады. Сол арқылы дүние жүзі жастары бейбітшілік үшін күреске үн қосып, соғыс өртің тұтандырушыларға, империалистерге қарсы шығады, өздерінің қатарын, ынтымақтығын нығайта түседі. Демек, Будапеште болып өткен фестиваль ойын-сауықтың, спорттың мейрамы болып қана қой-

ған жоқ, сонымен қатар, ол — жержүзі жастарының өзгі тілегі, ой-арманы бір ғана нәрсе — бейбітшілік өкенін жұртқа таңытты.

Будапештегі фестиваль — бейбітшілікті жақтаушылардың, тамаша жарқын болашақ үшін күресуші жастардың халықаралық мейрамы болды. Фестивальға қатысушылардың — Венгрия астанасында бас қосқандағы мақсаты фестиваль жалауына «Жастар, бірігіңдер!» деп жазылған екі ауыз сөзден айқын көрінді.

Прогреспшіл жастар соғысты тілөмейді, олар берік бейбітшілік үшін, халықтық демократия үшін, халықтардың азаттығы мен достығы үшін күреседі. Кейбір елдердің демократияшы жастары Будапештегі фестивальға келу жолында көп қыйыншылықтарды бастан кешірді. Америка үкмет орындары фестивальға баратын делегаттардың бір талайына рұқсат қағаз бермей қойды. Сөйтп, Американың прогреспшіл жастарына фестивальға аздаған ғана адамдар келді. Олар фестивальда барлық жолдастарының атынан: «Бізге атом бомбасының керекі жоқ, бізге жұмыс, бейбітшілік, тыныштық керек!» деп жариялады.

Фестивальға Францияның көптеген жігіттері мен қыздары келді. Олар да Будапешке оңайшылықпен келген жоқ. Бейбітшілік сапарына аттанарда олар талай-талай таңқаларлық айла-амал жасады. Француз жастары өздерімен бірге фестивальға Вьетнам, Алжир, Тунис жастары делегаттарын ала келу үшін қосымша қаражат жыйнады. Көптеген делегаттарға полиция көзіне түспеу үшін сапарға жаяу шығуға тура келді.

Бірақ, империалист мырзалар қаншама алас ұрғанмен де, бейбітшілікке ұмтылушы жастардың қайрат-жігерін мұқата алмады. 1947 жылы Прагада болған фестивальға 70 елдің өкілдері келсе, быйыл Будапештегі фестивальға 80 елдің өкілдері келді. Бұл бейбітшілікті жақтаушы жастардың қатарының нығая түскендігін толық дәлелдейді.

Жеңімпаздар

Фестиваль екі аптаға созылды. Венгрия астанасында фестиваль күндері неше алуан спорт ойындары, ызық концерттер болды. Бейбітшілік достары театрарда, көрмелерде, көстер басында сан рет кездесіп, әңгімелесті.



Рза Бағланова

Будапешт жұртшылығы Қытай, Вьетнам, Корей жастарының әп-бүйіне, биіне қол соғып, қошамет көрсетті. Сондай-ақ Греция делегациясының солдаттар мен пионерлер қатынасқан концерттері де фестивалда ерекше көзге түсіп, тыңдаушыларға зор әсер етті.

Будапештегі фестивалда совет жастары орасан зор табысқа жетіп, сүйікті Отанының даңқын бұрынғыдан да арттыра түсті. Фестивалға біздің елден 600 ден астам жігіттер мен қыздар барды. Олар—одактас он алты республиканың өкілдері, көркем-өнер мен спорттың асқан шеберлері еді.

Балалар, біздің шетелдердегі достарымыз совет адамдарын жеңімпаздар деп атайды, бұл екі сөздің бірін бірінен ажыратып болмайды, дейді олар. Бүкіл совет халқы мұндай ұлы даңққа бөлеген — сендердің араларың мен аналарың, олар күні кеше соғыста, — батырларша соғысып, Отанымыздың тәуелсіздігі мен бостандығын аман сақтап қалды. Ал, олар бүгін, бейбітшілік жылдарында да, тамаша жеңістерге жетіп әлемді таңырқатуда.

Дүние жүзі жастарының өкілдері фестивалда совет делегаттарын сенімді досымыз, ұстазымыз, деп үлкен сүйіспеншілікпен қарсы алды. Олар совет жастарының фестивалдағы зор табысына сүйсініп, біздің адамдарымызбен бірге қуанды.


Совет делегациясы спортшылар, музыканттар, әншілер жарысында үздік шықты. Спортшыларымыз спорттың сегіз түрінен бірінші орынға ие болып, 114 алтын медаль, 42 күміс медаль алды. Совет спортының мақтаншысы Александра Чудина спорттың бір түрін ғана емес, барлық түрін меңгергендігін студенттердің жазғы ойындары жарысында анық көрсетті. Ол бірі алтын, бірі күміс-екі медаль алды.

Көркемөнердің барлық саласынан бас бөйге Совет Олары өкілдеріне берілді.

Фестивалда жеке әншілер, музыканттар ғана бірінші орынды алып қойған жоқ, бүкіл коллективтер де бас бөйгеге ие болды. Хорлар жарысында Москваның Сталин атындағы автомобиль зауытының жастар хорына бірінші сыйлық берілді.

Будапеште барлық одактас республикалардың өкілдері өнерлерін көрсетті. Қазақтың Мемлекеттік филармониясының фестивалға қатынасқан әншісі Роза Бағланова халық әндерін айтуда бірінші орынды алды. Совет делегациясының басшысы БЛКЖО Орталық Комитетінің секретары Н. А. Михайлов жолдас баспасөз конференциясында жасаған мәлідемесінде былай деді:

«Кейде көпшілік кімге жөбірек масаттанарын — революцияға дейін халқының 98 проценті сауатсыз болған Қазақстан өкілі Бағлановаға масаттанарын да,




Совет жастары делегациясының фестивалға қатысушылардың парадында Уйпешт стадионынан өтіп бара жатқан кезі.

яки өз өнерінде Украинаның тамаша әншілік дәстүрін сақтаған Шолина мен Чавдарьға масаттанарын да яки Грузияның өнерпаз жастарының өкілі Кикнадзеге масаттанарын да білмей қалды».

Фестивальмен байланысты Будапеште үлкен көркем ұйымдастырылды. Мұнда да совет жастары делегациясының әдемі жасалған павильоны келушілердің назарын қатты аударды. Көрме совет жастарының соғыстан кейінгі дәуірдегі бейбіт еңбегін айқын суреттейді, социализм елінің табыстарын көрсетеді. Совет павильонында болған біздің жас достарымыз: «Совет елінің жастары — нағыз бақытты жастар. Олар өнер жарысында жеңіп шықты. Біз олармен бірге бейбітшілік үшін күресте де жеңіп шығамыз», деді.

Фестиваль бейбітшілік достарының Совет Одағына кеменгер көсеміміз, ұстазымыз Сталин жолдасқа сүйіспеншілігінің арта түскендігін көрсетті. Фестиваль делегаттары Будапешт көшесімен салтанатты демонстрация жасап өткен кезде, жүз мыңдаған адамдар совет жастарына қол созып: «Барлық еңбекшілердің ұстазы — ұлы Сталин жасасын!» деп ұран тастады.

Будапешт фестивалы дүние жүзінің демократиялық жастарының өміріндегі ең елеулі оқиға болды. Фестивальға қатысушылар жаңа соғыс өртің тұтандырушыларға қарсы, халықтардың ұлттық тәуелсіздігі мен бақыты үшін қажымай-талмай күресеміз, деп ант етті. Жастар антқа берік, олар айтқан жерінен шығады.



ҰЛЫ ФИЗИОЛОГ

Даңқты өмір

БІЗДІҢ ұлы Отанымыздан мыңдаған тамаша оқымыстылар шықты. Солардың ішінде Иван Петрович Павлов айрықша орын алады. Ол өзінің ұзақ және жемісті өмірін ғылым жолына жұмсады. Физиология ғылымына көптеген жаңалықтар мен тамаша табыстар енгізді. И. П. Павловтың ғылыми еңбектері арқасында совет физиология ғылымы дүние жүзінде бірінші орын алып отыр.

Павлов өзінің ғылыми-зерттеу жұмысын оқушы-шәкірт кезінде, патша үкметінің қатты қысымы жағдайында бастаған еді. Ол кезде оның лаборатория жабдықтары кем, жалақысы аз болды, көмекші қызметкері болмады. Иван Петрович осы қиыншылықтың бәріне төзіп, алдына қойған мақсатқа жету үшін, асқан жігермен қажырлы еңбек етті. Соның нәтижесінде ол артына тамаша ғылыми еңбектер жазып қалдырды. Оның жазған ғылыми еңбектері бүгін дүние жүзіне тарады, шетел тілдеріне аударылып басылып шықты.

Иван Петровичтің еңбектері әсіресе Октябрь революциясынан кейін, совет үкметі тұсында гүлденіп, кең өріс алды. Ұлы көсеміміз В. И. Ленин 1921 жылы И. П. Павловтың тұрмысын жөндеу, оның ғылыми еңбекпен шұғылдануына жағдай туғызу туралы ереже нұсқау берді. Павловтың айналасына көптеген жас ғалымдар жыйналды, оның лабораториялары жаңа құралдармен жабдықталды. Оған үкмет көптеген қаражат босатты.

1935 жылы Ленинград қаласында Халықаралық физиология конгресі өткізілді. Оған дүние жүзінің

атақты ғалымдары жыйналды. Сол конгреске жыйналған ғалымдар И. П. Павловқа дүние жүзі физиологтарының ақсақалы, көсемі деген ат берді.

Павлов өзінің асқазан бездерінің қызметі, рефлекс әсересе бас миының қызметі жөніндегі тамаша ғылыми еңбектерімен орыс ғылымының даңқын арттырды.

Асқазан сыры



«А—адамның арқауы» дейді қазақ мақалы. Тірі жан тамақсыз өмір сүре алмайды. Ал тамақ адам денесіне қалай тарайды, бойға қалай сіңеді? Бұл сұрақтарға Павловтың зерттеулері толық жауап берді. Асқазан қызметін зерттеу үшін Павлов бірнеше жаңа әдістер ойлап шығарды.

Тамақ өңеш арқылы қарынға түседі. Қарын төңірегінде көптеген асқазан бездері болады. Павлов осы бездердің атқаратын қызметін анықтады. Бұл бездер сұйық шырын жасап шығарып тұрады. Қарынға түскен тамақ осы без шығарған шырындардың әсерімен қорытылып, еріп, қан арқылы денеге тарап, бойға сіңеді. Асқазан бездерінің қызметін білу үшін Павлов өзінің атақты «фистула» әдісін қолданды. Фистула деп қарыннан сыртқа шыққан жіңішке тесікті айтады (суретке қара).

Павлов көбінесе өзінің тәжірибесін итке жасады. Фистуланың сыртқы аузына шүмек тәрізді зат орнатып, қарынға құйылатын шырынды сыртқа қарай ағызып, белек жыйнап алуға болады. Тамақ түріне қарай шырын мөлшері және оның құрамы әртүрлі болатыны анықталды. Павловтан бұрынғы оқымыстылар: «Асқазан мен жұлын — миы қызметі арасын-

да ешқандай байланыс болмайды» деп түсінген. Павлов бұл пікірдің қате екенін анықтады. Мұның үшін ол мынадай бір тәжірибе жасады (суретке қара). Иттің өңешін кесіп, оның алдына тамақ қойды.



Аш ит тамақты қомағайлана жұта берді. Бірақ тамақ қарынға жетпей орта жолда өңеш тесігінен сыртқа шырың жатты. Асқазан бездері осы «жалған тамаққа» сеніп, шырын жасап шығарып жатты. Ол шырынды фистула арқылы жыйнап алып, зерттеуге болады. Қарынға тамақ барған жоқ, олай болса асқазан бездері неліктен шырын шығарды? Оның себебін Павлов былайша түсіндірді: Тамақ тілді шіміркентті, бұл шіміркену нерв (жүйке) арқылы мыйға жетеді. Мыйдың бұйрығымен асқазан бездері шырын шығарды. Мұндай құбылысты Павлов рефлекс деп атады. Сол сыяқты, ауызға сілекей жыйналу да рефлекске жатады.

Рефлекс дегеніміз не?

ТОГАЙҒА жидек теруге баралық. Ызындаған сары масаның біреуі маңдайыңа қонып, шаға бастайды. Сен оның не екенін ойлап жатпай-ақ, сол секундта оны алақаныммен басып өлтіресің. Масаның шағаны нерв клеткалары арқылы мыйға жетеді. Мый қолға бұйрық береді. Бұл не? Бұл сыртқы әрекеттің әсеріне, шіміркенуге берілген жауап. Мұны рефлекс деп атайды.

Тоғай арасында ұзақ жүріп қалдық. Кеш болды. Қарнымыз ашты. Үйде ішкен таңертеңгі тәтті тамақ есімізге түсті. Сол кезде ауызға еріксіз сілекей жыйналады. Бұл да рефлекс. Осының бәрі еріксіз, сыртқы әрекеттің әсеріне берілген жауап ретінде болатын құбылыс.

Мұныммен қатар біздің өз еркімізбен, ақылмен істейтін істеріміз де бар. Мысалы: кітап оқығымыз келсе, орнымыздан тұрып, шкафты ашып, кітап аламыз. Шөлдесек су құйып ішеміз. Үй салқындап бара жатса, ашық тұрған терезені жабамыз болмаса от

жағамыз. Бұл жұмыстың бәріне де біздің ойымыздың қатысы бар, өз еркімізбен істейміз. Ақыл, тілек, сезім — мұның бәрі санаға, бас мыйдың қызметіне байланысты. Бұлардың түбін тексеретін болсақ, бұл да рефлекс құбылысына жатады.

Адамның тілегі, ойы, сыртқы дүниенің тигізген әсерінен туады. Мысалы: масаның шағуы, үйдің салқындауы, адамның шөлдеуі — бәрі адамға сырттан тиген әсер, екінші сөзбен айтқанда, шіміркенуші факторлар.

Иван Петрович Павлов рефлексінің екі түрі бар екендігін ашты. Оның бірі жабайы яғни шартсыз рефлекс, екіншісі шартты рефлекс деп аталады. Бұл рефлексдердің пайда болуына мый мен нервтердің тікелей қатысы бар.

Рефлексдердің адам өмірінде аса үлкен маңызы бар. Адамға үйреншікті әдетке айналып, бойға сіңіп кеткен мінездер көп. Таңертең ұйқыдан тұра салып киінеміз, жуынамыз, тамақтанамыз, оқуға болмаса қызметке кетеміз. Мұның бәрі де күнделікті, үйреншікті жұмыс. Бұлардың негізі де рефлекске, бас мыйдың қызметіне байланысты. Бас мыйдың жұмысын И. П. Павлов нервтің ең жоғары қызметі деп атады. Сөйтіп Павлов мый қызметін нағыз ғылыми қозғараспен дұрыс шешіп берді. Павловтың бұл еңбектерінің маңызы орасан зор. Біздің дәрігерлеріміз, ғылыми қызметкерлеріміз неше түрлі нерв, іш ауруларын Павловтың осы көрсеткен жолымен емдеп, жазып жібереді.

Академик Павловтың туғанына 100 жыл толу мерекесін бүкіл совет халқы, тіпті барлық прогресшіл адам баласы үлкен тоймен өткізді. Павлов өз Отанын шексіз сүйді. Оның тамаша өмірі біздің жалынды жастарға үлгі. Павловтың совет жастарына жазған әйгілі хаты үлкен өсиет, қорытылған өмір шындығы, таптырмайтын ақыл бөлініп саналады. Совет жастары оның даналық өсиетін құрал ете отырып, ғылымның жарқыраған шыңына шыға бермек.

Г. ДАРҚАНБАЕВ,

биология ғылымдарының кандидаты.





И.И. ПАВЛОВТЫҢ жастарға хаты

Мен Отанымның өздерін ғылым жолына арнаған жастарына қандай тілек білдірер едім?

Ең алдымен — тырнақтылық. Жемісті ғылыми жұмыстың бұл аса маңызды шарты туралы мен еш уақытта әсерленбейінше айта алмаймын. Тырнақтылық, тырнақтылық және тағы тырнақтылық. Жұмысыңыздың басынан-ақ өзіңізді білімді молайтудағы қатты тырнақтылыққа үйретіңіз.

Ғылымның шыңына шығуға әрекеттенуден бұрын оның әліпбиін үйреніңіз. Алдыңғысын үйреніп болмайынша, онан кейінгісіне еш уақытта кіріспеңіз. Өз біліміңіздің кемшіліктерін, ең батыл болса да жорамалдармен және гипотезалармен бүркеуге ешуақытта да әрекеттенбеңіз. Сабының бұл көбігі өзінің әр-ауан құбылуымен сіздің көзіңізді қаншама сүйсіндірсе де, ол көбік сөзсіз жарылып, өзіңізде ұятты болудан басқа ешнәрсе қалмайды.

Өзіңізді ұстамдылыққа және шыдамдылыққа үйретіңіз. Ғылымдағы қара жұмысты істеуге үйреніңіз. Фактыларды зерттеңіз, салыстырыңыз, жыйнай беріңіз.

Құстың қанаты қаншама мінсіз болса да, ауаға сүйсінбейінше ол құсты ешуақытта жоғары көтере алмас еді. Факты — ғалымның ауасы. Осыз ешуақытта ұша алмайсыз. Осыз сіздің «теорияларыңыз» — босқа әлектенгендік.

Бірақ зерттегенде, тәжірибе жасағанда, байқағанда фактыларға үстірт қарамауға тырысыңыз. Фактыларды жыйнай беретін архившы болып кетпеңіз. Олардың

Бұл хат 1936 жылы февраль айында БЛКЖО-ның X съезі қарсаңында совет жастарына арналып жазылған.

туу сырын ашуға тырысыңыз. Бұл фактыларды басқаратын заңдарды қажырдылықпен іздестіріңіз.

Екінші — кішіпейілділік. Еш уақытта бәрін білемін деп ойламаңыз. Сізді қаншама жоғары бағаласа да, әрдайым өзіңізге: «Мен наданмын» деп айтуға батылдығыңыз болсын.

Өзіңізді менмендіктің билеп кетуіне жол бермеңіз. Менмендікке берілсеңіз, оған бола сіз қостайтын жерде қарысып қалатын боласыз, оған бола сіз пайдалы кеңестен және достық көмектен бас тартатын боласыз, оған бола сіз әділеттілік өлшеуінен айрыласыз.

Мен басшылық етуге тура келетін коллективте істің бәрі жағдаймен істеледі. Біз бәріміз бір ортақ іске жегілгенбіз, әркім өзінің әліне және мүмкіншілігіне қарай осы істі алға бастырып отырады.

Үшінші-құмарлық. Ғылым адамнан оның бүкіл өмірін осы жолға жұмсауды талап ететінін есте тұтыңыз. Егер сіздің екі өміріңіз болса, сізге бұл да жетпеген болар еді. Ғылым адамнан аяқбай және асқан құмарлықпен жұмыс істеуді талап етеді. Өзіңіздің жұмысыңызда және өзіңіздің ізденуіңізде бұған құмар болыңыз.

Біздің отанымыз ғалымдар алдында кең өріс ашып отыр және дұрысын айту керек біздің елде ғылым тұрмысқа мол енгізілуде. Мейлінше мол енгізілуде.

Біздегі жас ғалымның жайы туралы не айтпақ керек. Бұл өзінен өзі айқын ғой. Оған көп беріледі, бірақ онан көп талап етіледі. Біздің отанымыздың ғылымнан күткен зор үмітін ақтау — біздер сыяқты, жастар үшін де арнамыс мәселесі.

ЕКІ ӨЛЕҢ

М. САЛАМАТОВ

Жас ақын Молдабек Саламатов 1921 жылы туған. Ол совет мектебінде оқып тәрбиеленген. 1941 — 45 жылдардағы Ұлы Отан соғысына қатысқан. Армиядан қайтып келген соң ҚЛКЖО Орталық Комитетінде, кейіннен «Сталин жолы» газетінде (Каскелең ауданы) редактор болып қызмет істеген.

Молдабек 1947 жылы ұзақ аурудан кейін 26 жасында мезгілсіз қайтыс болды.

Журналымыздың бұл санында Молдабектің балаларға арналған екі өлеңін басып отырмыз.

АНА МЕН БАЛА

БӨБЕК: «Кел бөбегім, келші», деп.

Мектебім тұр шақырып,
Міне, быйыл барамын,
Қалмай кейін тартынып.

А Н А: Алтыным, сен мектепте

Сабақ оқып отырсаң,
Ағайынның айтқанын
Ойыңа жақсы тоқырсың...

БӨБЕК: Мақұл, ана, «отлично»

Оқыймын мен, оқыймын.
Жақсы біліп сабақты,
Ойыма әбден тоқыймын.

А Н А: Оқы, күнім, оқы сен,

Өмірің шат, жайнаған!
Өмір берді ұлы Сталин
Тілекке жет ойлаған!

ӘНШІ ІНІМЕ

(Республикалық балалар көркемөнер олимпиадасына)

Таңның салқын самалындай,
Жасыл гүлді тербетті;
Шаттық әнін шырқата ол,
Биік шыңға өрлетті.

Әнін тыңдап жас бөбектің
Құлақ құршып қандырдым.
Інімменен болған күнді
Мәңгі есімде қалдырдым.

Інім әні қандай нәзік! —
Тербетеді жүректі,
Көкірегіне гүлін тағып
Ойнатады бөбекті.

Аялаған анаң — Отан,
Шат өмірде күлімдеп,
Сүйсіндіре тағы да айт
Заман жырын, інішек.





БІЗДІҢ

ПОЧТА

Қуанышты күн

Бірінші сентябрь! Қандай қуанышты күн! Бүгін мен мектептің табалдырығын тұңғыш рет аттадым.

Кең жарық бөлме. Қабырғала үлкен қара тақта ілулі тұр. Бізбен құрдастар партада қаз-қатар отырмыз. Бір мезгілде мұғаліміміз кіріп келді. Бәріміз түрегеліп, оны қарсы алдық. Ол бізбен амандасты да орнына отырды. Сонсоң бізбен таныса бастады.

— Менің аты-жөнім Валентина Дементьевна, — деді ол бізге қарап. Сонсоң біртіндеп біздің де аты-жөнімізді сұрай бастады.

Бір мезгілде кезек маған келді.

— Фамилияң мен атың кім?

— Бақытжан Момышұлы — дедім мен орынымнан тұрып.

— Жақсы, оқуды жақсы оқыйттың боласың ғой?

— Жақсы оқымын! — деп жауап бердім мен.

Мұндай уәдені мен өзімнің әкешеме де бергемін. Енді міне мұғаліміме де беріп тұрмын. Демек, мен оқуды тек жақсы оқуға тиістімін.

Бақытжан Момышұлы,
Алматы қаласы, 56-орбалалар мектебі.

ОЛАР ОЛЖАЛЫ ОРАЛДЫ



Суретте: Алматыдағы 18-орбалалар қазақ орта мектебінің оқушылары (солдан оңға қарай) Әнуарбек Тоқышев пен Ойрат Шамқұлов саяқаттан әкелген өсімдік пен жәндіктерінен гербарий жасап отыр.



Мен авиамодель спортын сүйемін

Мен 1949 жылдың басында Пионерлер үйі жанынан авиацияға көмектесетін ерікті қоғамның қалалық комитеті ұйымдастырған авиамодельшілер үйірмесіне жазылдым.

Үйірме жетекшісі Қарташевтің авиация теориясы жөнінде, чертештерді оқу, авиациялық түрлі ойыншықтарды және кейіннен самолеттің схемалы моделін жасау жөніндегі лекциясы үйірмешілердің бәріні тарта білді.

Мен бірінші болып ПО—2 самолетінің моделін жасап шықтым. Оны үйірме мүшелерінің

бәрі ұнатты. Бұл модель бәріміздің қуанышымыз болды. Одан кейін мен, Толя Варповский және Сапа Белый—үшеуіміз бірігіп, ауада жақсы ұшатын резина моторлы 4 схемалы және 1 фюзеляжды модельдер жасадық. Біз осы модельдерімізбен үстіміздегі жылы Алматыда өткізілген жас авиамодельшілердің республикалық жарысына қатыстық.

Мен енді өзім оқып жүрген 6-орта мектеп жанындағы авиамодельшілер үйірмесін басқарамын. Авиация өнеріне өзіммен тетелес, өзімнен кіші жолдастарымды көп-

теп тартуды алдыма міндет етіп қойдым.

Жуық арада бензин моторлы модель жасамақпын.

Авиация өнерімен шұғылдану оқуды отлучно, жақсы оқуымызға бөгет жасамайды, қайта көп көмек береді.

Мен басқаратын үйірмедегілер оқу аялының бірінші күнінен іске кіріспекші. Олардың бірінші табыстары — олар жасаған бөлме ішінде ұша алатын модельдері Ұлы Октябрьдің XXXII жылдығы күні сынға түседі, жұртшылық бағасын алмақшы.

Олег ТИХОМИРОВ,
Орал қаласы, 6-орта мектеп оқушысы.



Мичуриннің жұмысы

Бласта биология сабағы өтіп жатты. Оқытушы өзінің лекциясын аяқтай келіп:

— Сонымен, біздің ұлы отандасымыз Иван Владимирович Мичурин бүкіл адам баласының игілігі үшін қызмет етіп, артына 2116 беттік ғылыми еңбек қалдырды. Өсімдіктің бұрын болмаған 350 жаңа түрін шығарды. Біз егер ұлы отандасымызға еліктен өскіміз келсе, биология сабағын жақсы, өте жақсы оқуға және оның ісін алға бастыра беруге борыштымыз... — деді.

Бұл сөздер Тася Мироноваға үлкен әсер етті. Жатса-тұрса ойлайтыны: «Өсімдіктер жараты-

лысын өзгертіп, жаңа сорттар шығаруды үйренсем екен...»

Бір күні көрші мектепте оқыйтын бір жолдасы жас табиғат зерттеушілердің. Облыстық станциясында қызықты көп істермен шұғылданып жүргенін айтты. Тасяның құлағы елең ете қалды. Сол күні-ақ ол облыстық тәжірибе станциясына мүше болып кірді.

Одан бері 2 жыл өтті, 2 жылдық тәжірибе өз нәтижесін беріп келеді. Тася жүзім өсірмекші болды. Оның үлесіне 10 шыбық тиді. Тася әуелі шыбықтарды топырақ салған жәшікте тамырландырып, артынан жерге отырғызды. Қазір 10 шыбықтың то-

пысы жақсы өсіп келеді. Жас мичуринші оларды мезгілімен суарып, топырағын қонытады. Түбіне әлсіз-әлсіз көң себеді. Сонда жүзім егілген топырақ ылғалдығын сақтайды, бетіне қабыршақ пайда болмайды, су жақсы сіңеді.

Жас табиғат зерттеуші Миронова жүзіммен қатар бес алма ағашын өсіріп келеді. Оның екеуі «Омбы аясы», үшеуі Мичурин шығарған сорт. Қызылжардың жерқыртысы сланецті болса да, алма ағашы жақсы өсіп көріктеніп келеді. Сүйтіп, мектеп оқушысы Тася Солтүстік Қазақстанның жаңа қонағы—алманы өсіруді тәжірибе станциясында үйренді.

Тасяның ендігі бір езгі арманы—өсімдікті бір-біріне егу болатын. Оның бұл арманы жүзеге асты. Оның тәжірибе учаскесінде асқабаққа егілген қауындар жақсы өсті. Тасяның ойы—солтүстіктің жағдайына төзетін қауынның жаңа сортын шығару.

Тася Мироновамен бірге жас табиғат зерттеушілер станциясында тәжірибе істерімен оның жолдасы Зина Петрова да шұғылданады. Ол томаттың 3 сиртын өсіріп жүр.


Оля Придаткина Облыстық станцияда қапустаңның 8 сортын өсіруімен жұртқа белгілі. Жас мичуринші қапуста егу мен оны күтіп-бағу тәсіліне төселіп келеді.

Біз жоғарыда жас табиғат зерттеушілердің облыстық станциясы жұмысына белсене атсалысып жүрген үш жас мичуриншінің тәжірибелеріне тоқталдық. Бұл станцияда бұл үшеуі ғана емес, 98 адам оқыйды. Олардың әр қайсысының өсімдіктер өсіру жөнінде жазған кішкентай «ғылыми еңбектері» бар.

Жас табиғат зерттеушілердің ойы—өздерінің тәжірибе жұмыстарында жақсы нәтижелерге ие болып, 1951 жылы ашылатын Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатысуға право алу.

А. КИСЛИЦИНА,
Петропавл қаласы

ЖАС МАЛШЫЛАР



Жазғы демалас кезінде Кеңес бастауыш мектебінің оқушылары колхоз мал басын өсіруде ата-анасына қолқабыс етті.

СУРЕТТЕ: Советгүл Саудабаева, Айдархан Айдаев, Тұрсынғұл Үздікбаева (Оң жақтағы).

Суретті түсірген Я ТУРИН.

Жазды біз қалай өткіздік

Бірінші август. Сағат таңы бес жарым. Жорықшылар түгел жыйналды. Мен олардың жол жабдығын тексеріп шықтым. Бұл жорық—көптеген пионерлердің алғашқы адымы. Бәрі де жолға жақсы сайланған, алыс маршқа, ұзақ сапарға баратын солдаттардай. Қойын дәптер, қарындаш, гербарийге арналған альбом, коллекция салатын қобалыппа, жол азығы—бәрі де бар.

Сағат алты. Біз күні бұрын белгіленген маршрут бойынша жолға шықтық. Алғашқы тоқтан қараған жеріміз—РВ—90 радио станциясы болды.

Антенна «даласы» пионерлердің көңілін аударды. Мен оларға антеннаның атқаратын қызметін түсіндірдім.

Кіші Алматыға арқылы салынған жаңа көпірмен табыстық. Еменді орманға жеткенде, отырып, азырақ дем алдық.

— Шаршаған жоқсыңдар ма? —деп сұрады пионерлерден.

— Жолын білген шаршамас, — деді күліп Ринат Қожамқұлова.


Бірінші ГЭС-тің жанындағы тастан қашақ жасалған арыстанның басы бізге өте ұнады. Электршілер оның көзіне көгілдір электр шамын орнатып қойыпты.

Ағаш түтік арқылы су ағып жатты. Мұның өзі кішкентай сарқырама тәрізді, су шұғыл құлап, өте шалшаң ағады.

Оқу министрлігінің дем алыс үйін жанап өтіп «Соңы үңгірі» деп аталатын үңгірді іздеп таптық. Табиғаттан тыс ешбір күштің жоқтығына жас кезінен түсінген пионерлерге бұрынғы өткен діншіл соңылардың өміртіршілігі бір түрлі ойсыздық болып көрінеді.

Мүкті шоқының басына шығып дем алдық. Алғашқы түнді Медеу дем алыс үйінде өткіздік. Таңертең сағат бесте тағы да жолға шықтық.

Туристер лагерінің маңындағы табиғат көрінісінің сұлулығы



Жас саякатшылар Евдокия Стеблякова, Микеш Қаримова және Ринат Қожамқұлова су ағатын шумектің қасында тұр.

жорықшыларды қайрап қалдырды. Ұясынан жаңа көтеріліп келе жатқан алтын күн өнерлі суретшінің әсем картинасын әдейі жарқын етіп көрсетіп, нұрға малын тұрғандай. Туристер жорыққа аттанып кеткен екен. Лагерде қалған бір турист бізбен әңгімелескенде:

— Бұл жорық сендердің алғашқы қадамдарың ғана. Табиғаттың тұңғыш сырларын ашу үшін адам тезімді болып өсуі керек, — деді.

Осы маңда біз Горельник езе-шінде болып, күкіртті бұлақты араладық. Горельник езенінің сарқырамасын көрдік.

Горельник тауына тура тік шығу оңай болған жоқ. Қыздар жолда қолдарына ұстайтын бір-бір таяқ тауып алып, сол таяқтарға сүйеніп, тау басына қыялай жүрді. Тауға өрмелеш келе жатып түрлі әдемі гүлдер тердік. Бір бұтаның арасында жүрген тау ешкісін көрдік. Ол селт етіп үріккен бойы, шауып көзден ғайып болды. 3 сағат өткенде таудың басына жеттік. Сөйтіп, теңіз бетінен 1900 метр биіктікке көтеріліп

Тау басына бәрімізден бұрын жеткен Мекеш Қаримова мен Ринат Қожамқұлова кіші-кірім алаңда «Сталиннің даңқы арға берсін» деген сөзді жазып, ескерткіш қалдырды.

Үшінші күні Тұйық су тауының басындағы мұз жотасына көтерілдік. Бұл ара теңіз бетінен 2400 метр биіктікте.

4 август күні қалаға қайтып келдік.

Біздің мектептің оқушылары бұдан басқа да 20 километрлік және 8 километрлік жорықтар өткізді. Жорықшылар көргендерінің бәрін қойын дәптерлеріне жазып алды, бұдан басқа біртеп оқушы-пионерлер Іле ауданының «Қызыл қайрат» колхозында он күн болып, егін орағы кезінде бау байлап, он сегіз гектар жердің астығын жыйнады. Оларға жұмысты жақсы істегендіктері үшін колхоз председателі Салықов бүкіл колхозшылар атынан алғыс айтты. Жазда жақсы дем алған пионерлер мен оқушылар жаңа жігермен оқуға қайта кірісеті.

Аға пионер вожатыйы
Е. Д. СТЕБЛЯКОВА,
Алматы, 12-мектеп.



ТАҢ АЛДЫНДА

Ұйқымнан жаңа оянып тере-зеге қарасам, сыртта жаңбыр үдей жауып тұр екен. «Қалайша өшкім келмейді? Бүгін шынымен-ақ жорыққа шыкнай қалып жүреміз бе?» — деген күдік көкейімнен кетпеді. Әлден соң жаңбыр саябырлай бастады. Алтын шапақты күннің көзі қою кара бұлттан бірте-бірте арыла берді. Күн ашылысымен мен мектепке қарай аяндадым. Мектепке бір топ оқушылар менен де бұрын келіп үлгіріпті. Олардың әрқайсысының жол жабадықтары түгел көрінді. Барлығының да жүздері жайдары. Тек жорыққа аттану мерзімін сабырсыздықпен асыға күтуде екен.

Сөйтіп, біз үшін ең қуанышты мезгіл де таяп келіп қалды. Бәріміз тобымызбен мектептен шықтық. Көбелек аулайтын торымызды, гербарий құрастыратын папкамызды, коллекция салатын қорабымызды біз күні бұрын әзірлегенбіз. Біз бұл аталған заттардан басқа: компас, лупа, планшет сыяқты жол жүргенде керек болатын аспаптарымызды да өзімізбен ала шықтық. Жолшыбай былғары комбинатын басып өтіп, Ертіс өзеніне таяндық. Мұғалім Николай Григорьевичтің басшылығымен Ертістің енін, тереңдігін өлшеуге кірістік.

Николай Григорьевич өзенді өлшеудің ең жеңіл тәсілдерін түсіндірді. Ол фуражкасының күнқағарын Ертістің арғы жағына (өзіне қарама-қарсы жаққа) дәлме-дәл келетін өтіп киді. Сөйтіп де ол бірте-бірте бір жағына қарай бұрылып арғы жаққа фуражкасының күнқағарын

Біз жорықта жүргенде...

түйіскен жерін мұқият белгіледі де өзеннің енін нақты анықтады. Біздің өлшеген тұсымыздан өзеннің ені 230 метр болып шықты. Бұл жерде біздің есімізге ағашқа қарап төрт құбыланы қалай дұрыс айыру түсе қалды. Қадамымыздың ұзындығын, бойын, өлшедік.

Бәрімізде Ертістің көтеріңкі шалғын жағасына сүйсіне қарадық. Айналаның бәрі де тұтасқан түрлі түсті өсімдік аса көркем көрінді. Өзеннің біз жақ беті тік, күз тәріздес, биік жар екен. Біздің тұрған жеріміз жазық. Мұнда алуан түсті гүлдер өсіпті. Әр-әр жерден гүлдер мен шөптің арасында төбе-төбе құм шағылдары күнге шағылысып алтындай жарқырайды. Ертістің арғы жақ жайдақ беті қалың өскен қыяқтап көрінер емес. Ерке Ертістің нақ ортасын көлемі әжептеуір арал алып жатыр.

Жас жолаушылар Николай Григорьевичті айнала қоршап алды. Олардың біреулері таза қағазға жердің құрылысын сызды. Біреулері табиғаттың орасан бай көріністерін фото-суретке түсірді.

МАЙДАН ШЕБІМЕН

Мұнан кейін саяқатшылардың әскери ойындарды ойнағандары келді. Мен оларға майдан шебінен ойнауды ұсындым. Олар менің бұл ұсынысымды қуана қарсы алды. Бәріміз барлаушылар және шекарашылар болып екі топқа бөліндік. Қыз балалар шекарашылар болатын болды. Майдан шебі терең қазылған ордың шетінен өтетін болып белгіленді. Қыздар өз орындарына барып күзетке тұрды. Жым-жырт, кәлімгі шекарадағы жағ-

дай. Кенет «Тоқта» деген дауыс саңқ ете қалды. Бұл барлаушы Надя Бысова еді. Надя шектен өтіп кетпек болған барлаушының көзі шалғын қалды да, оны дереу тоқтатты. Барлаушы Пермяков болатын. Ол Надяның бұйрығын орындағысы келмей: «Өзің менімен ілес, әйтпесе мен ең қайда да бармаймын» деп қасарыса түседі. Шынында бұл барлаушылардың әдейі істеген амалы болатын. Егер Надя оны штабқа алып баруға кетсе, басқа барлаушылар шектен өтіп, өздеріне қолайлы позицияны сайлап алар еді. Содан соң Надяның өзін қолға түсіру көп қиынға соқпаған болар еді. Осы арада Надя тағы да бір барлаушыны қолға түсірді. Бірақ Надя бұдан кейін қатты қателесті. Ол енді барлаушы жоқ деп ойлады. Сөйтті де ол жан-жағына мұқият қарамады. Бұл жағдайды пайдаланып бір барлаушы шектен өтіп кетті. Сөйтіп ол Надяны қолға түсірді. Бұл барлаушы Обухов болатын. Ол жаңағы екі жолдасын тұтқыннан босатты. Жеңіске ер балалар не болды.

Бұл ойын жас саяқатшыларға өте ұнады.

Нағыз қызық жаңа болды. Жас саяқатшылар бұл жорықтан үйлеріне қайтқысы келмеді. Олар ескі қорғаннан әрең шықты. Қош бол ескі қорған! Біз әлі де талай рет боламыз! делі олар.

Жас саяқатшылардың бұл жолғы жорығы өте көңілді өтті. Олар мектепке өздерімен бірге толып жатқан тірі жәндіктер мен құстар, су құндыздарын, өсімдіктер дүниесінен гербарий, тау жыныстарынан коллекциялар құрастырып ала келді. Жас жолаушылар жорықта көп нәрселерді білді. Сондықтан да бұл жорық олардың есінде көпке дейін сақталады.

Аға пионер вожатый

Илава ПЕТРОВА.

Семей қаласы, 18-мектеп.

Біз «Алга» колхозынан шығысымен алдымызда жатқан көкорай шалғынды үлкен шабындыққа кездестік. Шабындықтың ортасында кесеге тұйған ақ күмістей жалтырап «Көлбұлақ» көлі жатты.

Көлді айнала көп қой жайылып жүр екен. Мені таңқалдырған бір жағдай: осында көп қойды бағып жүрген көпті көрген көне емес, жасы 10—12 шамасындағы бала болғандығы. Бері аттың шылбырып жере ұстан, тәжірибелі адамдай ат үстінде берік отыр. Біз жақындап қасына келдік. Қойшы бала бізбен сәлемдесті.

Жолдаушы болсам да аз аялдап тілдесе кеткенді оң көрдім.

— Қойды көптен бері бағып жүрсің бе?

— Жоқ, быйылғы июльнің басынан...

— Қойды ерте жаясың ба?

— Ол ауа райына байланысты. Күн ашық күні ерте өргіземін. Ал, жерде шық болса, ол көпкенше тоса тұрып, жайырақ өргіземін. Шықты шөл қойды түрлі ауруға ұшыратады, — деді бала қойшы, — біздің колхоздың жерінде жазды күні ыстық ұзақ болады. Ыстықта өрген мал тез жүдейді, ондай кезде қойларды суарып, жусатамын.

— Қой бағуды кімнен үйрендің?

— Менің әкем осы колхоздың шопаны. Сол кісіге қолқабыстық көрсетіп жүріп үйрендім.



Алда келе жатқан 30 километрге жарыста озып шығып, бірінші бәйге алған А. Жаманқұлов (Жамбыл облысынан). Ол Қазақ ССР-нің чемпионы атағын алды.

— Жасың нешеде?

— Оңбірде, быйыл 4-класстан 5-класқа көштім.

Сұрастыра келсек бұл пионер — Тоқтар Жұмадіров екен. Ол Павлодар облысының Цюрушпа ауданындағы Маралды жетіжылдық мектебінде оқиды екен. Быйыл колхозшы әкесіне көмектесіп, колхоз қойып бағып жүрген көрінеді.

Өткен жылы жазда Тоқтар колхоздың қозыларын бағып, бір тұяқты шығынға ұшыратпай, күзде, оқу басталғанда түгел,

фермага тапсырыпты. Сөйтіп, 60 еңбеккүн тауыпты.

— Елімізде азық-түліктің молшылығын жасау үшін аялбай еңбек етуші әке-шешелерін көріп біздің оқушылар да еңбек сүйгіш болып өсіп келеді. Біздің мектептің оқушылары сондықтан жазғы демалыс күндерінде колхозға үлкен қолқабыстық көрсетіп отырады, — деді ертеңінде мәлімен кездескен осы мектептің директоры Назыл Садуақасов жолдас.

М. МАРАЛДИН



«Отлично» деп үн қатты



М. ОСПАНОВ

Муратты ешкім оятпай,
Тосегінен тұрды өзі,
Сабырлы салқын түске еніп,
Өзгере қапты мінезі.
Кініп жылдам, жуынып,

Дәптерін алды қолына,
Сезілді шаттық өңінен,
Бармақ па бақыт жолына?
Анасы оның бетінен,
Мейірлене бір сүйді.
Күшағында ананың

Шағтана Мурат ұйымды,
Сүйтті де ол анаға,
Тарбыйға жайып саусағын,
«Отлично» деп үн қатып,
Көрсетті бас бармағын.



ЖАС МИЧУРИНШІ



ЗЯБЬ ЖЫРТУ — МОЛ ӨНІМНІҢ НЕГІЗІ

Егінді жыйнап алғаннан кейін, іле-шала терең егілігі жыртылған жер зябь деп аталады. Зябь күзде жыртылып, оған келесі жылғы көктемде жаздық егіс егіледі. Агрономиялық ғылымда зябь жырту системасы негізгі жер өңдеу системасы болып есептеледі. Негізгі зябь өңдеу системасы орыстың аса көрнекті агрономдары В. В. Докучаевтың, П. А. Костычевтың, В. Р. Вильямстың ғылымына негіз болған басты өзектердің бірі. Орыстың ұлы ғалымдары Докучаевтың — Вильямстың көп танапты ауыспалы егіс тәртібі, жерді өңдеу, тыңайту тәсілдері дүние жүзіндегі ең озат социалистік егін шаруашылығының орасан зор жетістіктері болып табылады.

Жер қыртысын және егін шаруашылығын зерттеуші академик В. Р. Вильямс өсімдік пен сыртқы жағдай, жер қыртысы арасында тығыз байланыс бар деп есептейді. Ол жер қыртысында оның құнарлылығын арттыру жағдайын туғызудың жолдарын әдістерін тапты. Вильямс өзінің еңбектерінде өсімдіктердің жер қыртысының неғұрлым өнімді болуы, егін шаруашылығының дәрежесіне, егін шаруашылығында озат әдістерді қолдану дәрежесіне байланысты екенін көрсетті. Ол жер өңдеу системасындағы зябь жыртуды негізгі жер өңдеу деп есептейді.

Жердің құнарлылығы және егін шаруашылығының шөп танапты жүйесі туралы академик В. Р. Вильямстың ғылымы колхоздар мен совхоздарда егіннің шырымдылығына барған сайын

арттыра берудің негізгі шарты болып табылады.

Егін жыйнаумен бірге қазіргі міндеттің бірі-келесі жылғы егіс үшін зябь жырту. Зябь жыртудың агротехникалық зор маңызы бар, зябь топрақтағы ылғалды жақсы сақтап, оның молая беруіне, жер қыртысының шұрайланып, өсімдіктің дұрыс өніп-өсуіне керек қоректердің арта беруіне жақсы жағдай туғызады. Сонымен қатар, ол арам шөптерге және ауыл шаруашылығы егістеріне зиянды жәндіктерге қарсы бірден-бір дұрыс шараның бірі.

Зябь жырту — колхоздар мен совхоздарда еңбекті дұрыс ұйымдастыруға жол ашады. Күзде зябь жырту көктемгі егіс кезінде егіс жұмыстарының көлемін азайтады. Егісті қысқа мерзімде өткізу егіннен көздеген нысанға сай өнім алуға мүмкіншілік туғызады. Мұнымен бірге сапалы өңделген жерге агротехникалық шараларға сай егілген дақылдар ерте пісіп, ораққа ерте ілініп, өнімі қолайлы мерзімде жыйналады.

Егін орылған жерлердегі бау мен сабан тасылып, егіндік жерлер өңдеуге босатылуға тиіс. Сөйтіп зябь түренді плугпен 20—25 сантиметр тереңдікте жал қалдырылмай жыртылуы керек. Егін жыйнаудың ізінше аңызды сыдыра жыртып, соңынан тиісті тереңдікте зябь айдау қажет.

Республикамыздың тандаулы колхозшылары жер өңдеуді әрқашан тыңғылықты жүргізіп егіннен мол өнім алып келеді. Мәселен Семей облысындағы


Аякөз ауданының Ворошилов атындағы колхозының звено бастығы Тайлақбаев жолдас үстіміздегі жылы кең көлемді жаздық бидайды сапалы жыртылған зябьке сеуіп, оның әрбір гектарынан түсетін өнімді 36 центнерге дейін жеткізді.

Зябь жыртылатын жерге минералды және жергілікті тыңайтқыштарды төгуді кең қолдану жөн. Суармалы жерлерде зябь жырту алдында жерді суару керек.

Дер кезінде сапалы жыртылған зябь ойдағыдай нәтиже береді. Сондықтан да бұл жұмысты мейлінше жедел жүргізу қажет.

Зябь жырту сыяқты агротехникалық маңызды шараны жүзеге асыру үшін әрбір оқушы: комсомолецтер мен пионерлер өздерінің колхозшы ата-аналарына көмектесе алады. Олар оқудан қолы бос кезінде көлікпен зябь жыртып, жер өңдеп жүрген трактор бригадаларына машинаға жанармай, су тасу жұмыстарына жәрдемдесуге тиіс. Пионерлер әсіресе колхоздар мен совхоздардың тәжірибе жұмыстары жүргізілетін және өздерінің мектептерінің жанындағы тәжірибе участоктері үшін зябь жырту ісіне қатысып, жұмыстың сапалы болуына көбірек көңіл бөлулері қажет. Ондай учасоктерде агробиологиялық-мичуриндік ғылымды үйрену мәселелерімен шұғылданду жағын ойластырулары керек.

Н. ОСПАНОВА,
агроном.



К І Ш К Е М Е К Ү С

Өрге қарай жүру аса қыйынға соқты. Тау соқпақтарының тік жерлерінде жүк жиі-жиі ауып қалып та отырды. Сондықтан ондай жерлерде амалсыздан тоқтап, аттардың жүгін қайтадан мықтап артып алып отыруға тура келді.

Алматы пионерлері сарайының жас табиғат зерттеушілері, бұл қыйыншылықтарға қарамастан, биікке қарай өрлей берді. Кешке олар теңіз бетінен 3 километр биіктікте болды. Сонда ғана балалар таудағы бір үлкен үңгірдің кіре беріс аузында тоқтап, шатыр тігіп, ту көтерді.

Бірінші түннің өзінде-ақ олар шыдамдылық сынынан өтті. Июль айының аяқ жезі бола тұрса да таң ата тау қойнауында күшті қарлы боран соқты. Боранның күштілігінен және үстіне түскен қардың салмағынан шатыр ұйықтап жатқан балалардың үстеріне құлап түсті... Күндіз балалар жылына бастады. Күн сәулесі және балалардың сырғанақ теуіп, қар лақтырысып ойнауы жылынуларына себепші болып, оларды бір-жола көңілдендіріп жіберді. Кешке қарай қар еріп, балалар өз жұмыстарын жүргізе бастауға мүмкіншілік алды.

Олар арша ағашының түбінен пеночка деп аталатын өңірі құстың ұясын тапты. Бұл құстың ғылымда аты ғана белгілі деген болмаса, ол туралы әлі күнге толық мәлімет, тіпті, жоқ дерлік. Бұл өте кішкентай құстың салмағы не бары 5-ақ грамм тартады. Одан кейбір қоңыздар да салмақтырақ. Мәселен көң-қоқыр арасында жүретін қоңыздардың салмағы 7 грамм болады.

Жас табиғат зерттеушілер бұл ұяның жанындағы жартасқа дереу есеп машинасын орнатты. Бұл машинаны өткен қыста ғана Алматыдағы пионерлер сарайының балалары жасаған болатын. Қабырға сағатының механизмі телеграф лентасын білікке үздіксіз орап отыратын етіп жасалған бұл

құралдан екі жіңішке сым ұямен жалғастырылды. Құс ұясына келіп енген сайын, жаңағы сымдардың тартылуы арқылы, есеп машинасындағы лентаға автомат қалам үнемі белгі түсіріп отырды.

Сонда жас табиғат зерттеушілердің есебі бойынша бұл кішкентай құстар күні бойы ұясына 550 рет кіріп шығады екен.


Жас табиғат зерттеушілер бұл құстармен тез-ақ достасып кетті. Тіпті балалар, құстың ұясынан бір метр ғана қашықтықта отырып, оның балапандарына қандай құрт-құмырсқаларды әкелетіндіктеріне дейін байқап үлгірді. Жас табиғат зерттеушілер бұл құстардың 10 күн ішінде балапандарына 1800 құрт-құмырсқа әкелгендіктерін анықтап білді.

Пеночкалардың ұясына әкелген құрт-құмырсқаларының көпшілігі ағашқа сыянды жәндіктер еді. Сүйтіп, қолдан жасалған есеп машинасы арқылы жас табиғат зерттеушілер пеночкалардың ауылшаруашылығына да тиізетін пайдасы бар екендіктерін анықтады.

Тау ішінде әбден күнге тотығып, шыныққан жас табиғат зерттеушілер соңғы күні дәл бұлттардың астынан үлкен костер жақты. Костер айналасында отырып олар жорық күндерінде істеген істеріне қортынды жасап, пионерлік әндерін шырқады.

Өздерінің сарайларына пионерлер бағалы коллекциялармен келді. Ең бастысы таудың альпинистік алабында ауа райының қаталдығына қарамастан зерттеу жүргізуге болатындығына олардың көздері әбден жетіп қайтты.

М. ЗВЕРЕВ.



«ЭЛЕКТРКӨЗ»

Ленинградтың радио инженерлері тұрпат көрсеткіш (тел.визор) аппараттары бар қала халқына тамаша сыйлық жасады. Олар Сарай алаңында болған Бірінші май мерекесін радио суреті арқылы көрсетуді ұйымдастырды.

Бұл үшін инженерлер, алаңға үлкен сурет түсіруші аппаратқа ұқсас тұрпат көрсеткіш радио аппараттын орнатты. Осы аппарат, өзінің көргенінің бәрін электр тогының қыймылына айналдырды. Сонымен радио толқыны электр тогының қыймылымен көргенінің бәрін тұрпат көрсеткіш аппаратқа жеткізді.

Ленинградтың радио инженерлері, елімізде бірінші болып, радио арқылы бейне көрсетуді, ол үшін өте жарық шамдар қойылған арнаулы үйлерде емес, тура көшенің өзінде көрсетуді жолға қойды. Олардың мұны жолға қоюының себебі, әлгі «электркөз» бұрынғы арнаулы үйдегі аппараттан анағұрлым көреген. Ол жарықты да тез тартады, адамның көзі сыяқты жіті де.

Бұл жаңа аппаратты қолдану болашақта талай қызықтарды көруге үміттендіреді. Айналамызда көзбен көруге мүмкіндік жоқ талай-талай оқыйғалар болып жатады. Мысалы, жаңа ойындар қойылады, футбол ойналады, автомобиль жорығы басталады. — міне, осының барлығын тұрпат көрсеткіш аппарат алыстағы адамдарға көрсете береді.

«Электркөздің» техникадағы орны өте маңызды. Мысалға домна печтері үшін отын тиеу және руда өлшеу жұмыстарын алалық. Осының барлығын адамның дегенін орындайтын машина істейді. Ол тетіктердің тиегін ағытып, өзіне бағынышты техниканың қызметін бақылайды. Бірақ, оған материалды тиеген уақытта көтерілген тозаң кедергі келтіреді. Міне, тап осындай жұмысты тозаңды тындамайтын «электркөз» істейді. Мұндай жағдайда жұмысшы, оқшау, таза жерде жайласып отырып алып жұмысты «электркөз» арқылы бақылай береді.

«Электркөз» қажет мың сая жұмысты атауға болады. Оның болашағы зор.

Бұдан бес жыл бұрын, 1944 жылы 9 сентябрь күні, болгар халқы фашистік құрылысты құлатып, өкмет билігін өз қолына алды. Міне содан бері 9 сентябрь болгар халқы үшін үлкен қуанышты күн болып саналады. Бұл күнді олар жыл сайын зор мерекемен өткізеді.

Болгар халқы азаттыққа, бақытты өмірге қолын жеткізген Совет Одағына, оның сүйікті көсемі Иосиф Виссарионович Сталинге үлкен алғыс айтады. Сталин жолдастың даналық қолбасшылығымен Совет Армиясы болгар жерінен неміс-фашист басқыншыларды қуып шықты. Ұлы Сталин бастаған совет халқы болгар халқына өз елінде жаңа өмір орнатуға, социализм құруға туысқандық көмек көрсетуде.

Болгар халқы өзінің коммунистік партиясының басшылығымен қазірдің өзінде-ақ тамаша табыстарға кетті. Қазір Болгарияда жұмыссыз жүрген бірде-бір адам жоқ. Онда әрбір адам өзі үшін, өзінің азат етілген Отанының игілігі үшін жұмыс істеуге мүмкіндік алды. Жаңадан көптеген завод, фабриктер, шахталар салынды. Мыңдаған километрлік теміржол және автомобиль жолдары салынды. Болгарияның егіс даласында трактор, комбайн, молотилка сияқты күрделі ауыл шаруашылық машиналары пайда болды. Барлық балалар мектепте оқиды, ал орта мектепті бітірген жастарға университет пен институттардың есігі кең ашылды.

Димитровшіл Халық Жастары Одағы (ДХЖО) бастаған, дақты болгар жастары өз елінде жаңа өмір құруға жанқиярлықпен еңбек студе. Болгар жастары тек өз күштерімен екі теміржол, электростанциялар, су сақтайтын орындар салды. Қазір олар асқан қажырлықпен бір үлкен жаңа қала салып жатыр. Олар оны болгар халқының сүйікті көсемі Георгий Димитровтың есімімен Димитровград деп атады.

Болгар сентябряттары да (болгар пионерлері осылай деп аталады) бақытты өмір сүруде. Олардың пионер лагерлері мен санаторийлері, әдемі мектептері мен тамаша кітапханалары бар.

Болгар халқының еркін, бақытты өмір сүргеніне совет халқы және бүкіл азаттық сүйгіш адам баласы қуанады.

АЛТЫН ЖҮЛДЫЗ



1942 жыл. Майдан даласы. Н. полкындағы қазақ жауынгерлерінің құлағына «Батыр келіпті», деген хабар тиді.

— Япырай, батыр қандай болады екен? — деді олардың бірі.

— Қандай болушы еді?! Бір доу шығар, — деді екіншісі.

— Полковниктің қасында бір кішкене қара жігіт тұр. Батырдың өзі дәл сол болып жүрмесін! — деді тағы бірі.

— Тейт әрі! Сондай бала батыр болушы ма еді?

Расында да полковниктің қасында тұрған сол кішкене қара жігіт батырдың өзі еді. Ол Совет Одағының Батыры Кәткен Бердібеков болатын.

Балалар, бұл келтірілген көрініс қай кітаптан алынып отырғандығын білесіңдер ме? Білсеңдер тым жақсы. Ал білмесендер, біліп алыңдар. Бұл көрініс жазушы Мәлік Ғабдуллиннің «Алтын жұлдыз» атты кітабынан алынып отыр. Бұл кітапты Қазақтың мемлекеттік оқу-құралдар баспасы сендерге, мектеп оқушылары мен пионерлерге, арнап басып шығарған.

«Алтын жұлдыз» кітабының авторы Мәлік Ғабдуллин — Ұлы Отан соғысына басынан аяғына дейін белсене қатысқан. Неміс-фашист басқыншыларға қарсы күресте көрсеткен асқан ерліктері үшін және командованиенің жауынгерлік тапсырмаларын үлгілі орындағаны үшін совет үкметі оған Совет Одағының Батыры атағын беріп, кеудесіне

«Алтын жұлдыз» медалымен Ленин орденін қоса тақты. Демек, Мәліктің өз басынан кешіргендері және майданда жүргенде көріп-біліп, естіп-сезгендері өте көп. Міне, майданда жүргенде ол осы өз басынан кешірген уақытталарын, көріп-біліп, естіп-сезгендерін қойын дәптеріне әңгіме етіп жаза берген. Мәлік майданнан қайтқан соң, осы әңгімелерін құрастырып, «Алтын жұлдыз» атты кітап жазып шығарды.

Жазушының бұл жыйнағына ірілі-ұсақты 10 шақты әңгіме-өчерк енген. Булардың әрқайсысы майданның түрлі учаскелеріндегі әр тараптағы жауынгерлердің ерлік істерін суреттейді. Жыйнақтағы «Айлапы адам ажалды жеңеді» деген әңгімеде Совет Одағының Батыры Кәткен Бердібековтың бастан кешірген батырлық істері баяндалса, «Тапқырлық» деген шағын әңгімеде телефонист Кентай Рыскелдиевтің байланысты қамтамасыз студегі тапқырлығы айтылады.

Әңгімелердің қайсысы болсын уақытғасы қызық, тілі жеңіл, оқушыларды өзіне тартып отырады. Оның үстіне оқушы үлгі аларлық өнеге сөздері де көп. Мысалы: «Айлапы адам ажалды жеңеді», «Сақтық та-батырлық», «Ел намысы-ер намысы» деген сөздер жастарымыздың жаттап алып, аузынан тастамай айтып жүретін нақыл сөздері болмақ.

Бұл жыйнаққа кірген әңгімелердің бәрі дерлік жауынгерлердің өз сөздерімен берілген. Совет Одағының Батыры Кәткен Бердібековтен бастап, қатардағы жауынгер Омарбек Дүйсенбековке дейін әрқайсысы өз басынан кешірген жауынгерлік жолдарын айтады. Булардың әңгімесінен қасиетті советтік Отанымыз үшін, ардақты алып халқымыз үшін, ұлы көсеміміз Сталин үшін күрескен, сол күресте тарихта теңдесі жоқ ерлік көрсеткен қатардағы қарапайым жауынгерлердің ісі көрінеді. Олардың бұл ерлік істері мен езгі қасиеттері совет үкметі, большевиктер партиясы, ұлы көсеміміз Сталин тәрбиелеп өсірген бүкіл совет адамдарының батырлық бейнесінің бір көрінісі деуге болады. Мұның өзі біздің жас өспірімдерге әрі мақтан, әрі үлгі.

ТАРТЫС

Ойынның тәртібі:

Ұзындығы 5 м. арқан, немесе мықты шыйратылған жіпшеке кеңдір алып, оның дәл ортасына қызыл лента тағып белгілеу керек. Сол белгінің екі жағына да 50 см. етіп, тағы да басқа түсті лента немесе жіп байланады.

Арқанды дайындап алғаннан кейін, жерге аралығы 2 м. етіп үш сызық сызу керек. Ортадағы сызық — «орта», екі жағындағы сызықтар — «шетті» сызықтар деп аталады.

Ойынға қатынасшылар екі командаға бөлінеді. Әр командада сегізден онға дейін ойыншылар қатынасуға болады. Егер ойыншылардың саны бұдан көп болса, арқанның ұзындығын 6—8 метр шамасында алу керек.

Ойын басқарушының командасымен, екі жақты ойыншылары сызықтың үстінде жатқан арқанға келіп, қолдарына орап, бір жағын қолтықтарының астына қыса ұстайды.



Ең бірінші ойыншылар, қызыл лентаның екі жағынан алыстығы 50 см. белгілердің түбінен ұстайды, қызыл лента «орта» сызықтың дәл үстінде болуы керек.

Басқарушы: — Бір, екі, үш! — дегенде, ойыншылар асықпай, тәртіппен тартыса бастайды. Тартысқан уақытта қай команда қызыл лентаны өзінің «шеткі» сызығының үстіне жеткізсе, сол команда жеңген болып табылады.

Бұл ойында тек күшпен ғана жеңіп шығуға болмайды, барлық ойыншылардың ұйымдасқан түрде біркелкі қатынасып, тұрақтылық жасауына да байланысты. Арқанды жұлқыламай, барлық ойыншылар бір адамдай тартулары керек.

Ойынның ережесі:

1. Командалар арқанды үш рет тартулары керек. Екі минут тартқаннан кейін, жарты минуттік дем алыс беріледі. Егер сағат болмаса белгілі бір сағға шейін санап тартуға да болады.

2. Егер екі минуттың ішінде (не белгілі бір сағға дейін) ойынның қортындысы шықпаса, екі команда бірдей деп есептеледі де, қортынды солай жарияланылады.

3. Егер екі команда бір-бірден жеңіп және бір рет тең шықса, төртінші рет тартысады.

ҚАЙЫРКЕН.

ТОСҚАУЫЛДЫ ЭСТАФЕТА


Ойыншылар екі командаға бөлініп екі сапқа бірінің соңынан бірі тұрады. Командалар бір-бірімен қатар орналасады. Екі команданың арасы 2—3 адымнан жақын болмауы керек.

Әрбір команда өз капитандарын сайлап алады. Олар өз командаларының бірінші ойыншысы болып, алда тұрады. Әр капитанға бір эстафета (бойланған қысқа таяқ не болмаса жалау) беріледі.

Әр команданың алдына старт сызығы сызылады. Ол старт сызығынан 15—20 қадамдай жерден 70—80 сантиметр биіктікте көлденең жіп тартылады, одан әрі 15—20 адымдай қашықтықта биіктігі 30—40 сантиметр таяқтардан қақпа орнатылады. Мұнан басқа да тоқсауылдар жасауға болады.

Вожатыйдың: «Дайында! — тындаңдар — марш!» деген командасы берілісімен қолдарында эстафеталары бар капитандар шапшаң алға ұмтыла жүгіреді. Сол

жүгірген бойымен көлденең жіптен секіреді де, еңкейіп қақпадан өтеді. Жүгіріп отырып өз орнына қайта оралады да, командасының екінші ойыншысына эстафетаны ұсынады.



Эстафетаны қабылдаған ойыншы алға ешбір кідірусіз суырылып шығып, алда тұрған көлденең жіптен жаңағы капитан сыяқты секіріп, қақпадан еңкейіп өтіп, эстафетаны кезектегі ойыншыға тапсырады. Ендігі кезек үшінші, төртінші, оныншы... ойыншылардікі.

Эстафетамен алға жүгіріп барып келген ойыншы өз командасының соңына келіп тұрады. Капитан соңғы ойыншының қолынан эста-

МЕКТЕПТІҢ СПОРТ АЛАҢЫ

Балалар, мұқабаның сыртында мектеп спорт алаңы көрсетілген. Онда волейбол, баскетбол ойнайтын, секіретін және жүгіретін орындар бар. Турник орнатылған гимнастика қалашығы, тік және айнала жүгіретін жол, тіпті БГТО-ның кедергі жолдары да бар.

Мұндай спорт алаңын мектеп оқушыларының өздері-ақ 5—7 күннің ішінде жасай алады. Ол үшін тек аз күндік қажырлы еңбек және ұйымшылдық керек.

Егер спорт алаңының көлемі 60x30 метрдей болса, онда алаңның дәл ортасынан көлемі 30x20 метрлік баскетбол алаңы жасалады. Ал оның айналасына ені 2,5 метр жүгіретін жол салынады. Жолдың ұзындығы, шамамен алғанда, 125 метрдей болады (8 айналыс — 1000 метр).

Секіруге арналған шұңқыр баскетбол алаңы мен жүгіретін жолдың аралығынан жасалады. Оның көлемі 6x3 метр, ал тереңдігі 50 см. болады. Сонда ғана ол ұзынынан да, көлденеңінен де секіруге қолайлы болмақ. Шұңқырдың бетіне таза құм себіледі.

Жүгіретін жолдың бойын қуалай БГТО-ның немесе ГТО-ның кедергілі жолдары жасалады. Оның ені 2,5 метрден кем болмасын. Бұл жолға (схемаға қараңыз) тиісті тәртіппен кедергілер орнатылады. Мысалы: әуелі бөрене, сонсоң дуал, палисад, бұта, окоп, найзалайтын нысана орнатылады.

Кедергілі жолды айнала, шарбақтың сыртынан, алаңның шекараларын қуалай ағаштар мен бұталар отырғызылады. Мектеп спорт алаңын қалай жасау жөнінде В. Поликарповтың: «Оқушыларға арналған спорт саймандары мен спорт алаңдары» («ФИС» басып шығарған, 1947 жыл) деген кітабынан оқуға болады.

фетаны қабылдағанда ойын аяқталады. Қай команданың капитаны өз эстафетасын бұрын көтерсе, сол команда жеңіп шығады.

Ойын осылай қайталана береді.

В. М. ЗИМИН,


КРОССВОРД

Көлденең оқығанда:

3. Кавказдағы қала. 5. Қазақстан көлі. 6. Совет жастарының алдыңғы қатарлы отряды. 8. Машинамен тоқылған мата. 12. Жоғарғы өкмет орындарының қаулысы. 13. Шығыс Сибирь өзені. 14. Америкадағы канал. 15. Денсаулық сақтау орны. 16. «Зоя» поэмасының авторы. 22. Біздің елдегі өкмет орны. 23. Бүкілодақтық пионер лагері. 27. Сан. 28. Кино-картинаның аты. 29. М. Горькийдің кітабы. 30. Көркемөнердің бір түрі. 31. Украинадағы қала. 33. Өзбекстанның халық артисткасы. 35. Ағыс. 38. Франциядағы өзен. 40. Қазақ әнінің аты. 41. Тау ешкісі. 42. Гризодубовалар ұшқан самолет аты. 45. Өз отанын сүйетін адам. 48. Автономиялық облыстың орталығы. 49. Университет басқарушысы. 50. Нота. 51. Сілтеу есімдігі. 53. Қымыз құятын ыдыс. 55. Нота. 59. Батыр-қала. 60. Орта Азиядағы одақтас республиканың астанасы.

Тік оқығанда:

1. А. И. Герцен шығарған журнал. 2. Жиренше шешен апызындағы кейіпкер. 4. Коллективтенген шаруашылық түрі. 5. Әскери құрама. 7. Жорық. 9. Тұлғасы бірдей, мағнасы әртүрлі сөз. 10. Т. Бигелдинов туралы жазылған повесть. 11. Кино лентасы. 14. Геометриялық дене. 17. Революциялық комитет. 18. Армияның бір бөлігі. 19. Спорт үшін жабдықталған орын. 20. Егістік жердің су жіберуге ыңғайланған бір кеспесі. 21. «Қобланды» жырының бір кейіпкері. 22. А. Барбюстың кітабы. 24. Литвадағы қала. 25. Өмірдің бір көрінісін көрсететін сурет. 26. Алманың түрі. 32. «Қобландыны» жырлаушы ақындардың бірі. 34. 1914—1918 жылдағы Батыс Европа елдерінің одағы. 35. Семей облысындағы кен шығатын жер. 36. Тау. 37. Термометр шкаласындағы бөлік. 38. «Құрыш қалайшынықты» романының кейіпкері. 43. Өзен. 44. Мемлекет. 45. Компас бетінің бөлігі. 47. Мадақтау жыры. 50. Электр магниті аспабы. 52. Семей облысындағы аудан. 54. Одақтас республикалардың бірінің астанасы. 56. Жәндіктердің қайта тірілуі. 57. Үш жасар жылқы. 58. Төрт жасар ат.



Кроссвордты жасаған Ш. ҚОШАНОВ,
1 Алматы станциясы, 22 қазақ орта мектебі.

ЖҮМБАҚТАР

Жабысқан жар бетінде көрдім бір зат.
Ай, жұлдыз, күн мен түнді тұрар санап.
Жадында шешен де бар, көсем де бар,
Мүшесі үш жүз алпыс, алты кабат.

Бір нәрсе құмырысқа бел, сүйір түмсық.
Екі бүйірі шығыңқы, көзі қысық

Жансызда жалықбайтын соны көрдім,
Жорғалап қызмет егер құстай ұшып.

Бір дөңде жыйырма төрт жан төбелескен.
Қызығы төбелесе қалмайды естен.
Жері бар отыз екі майдан ашқан,
Білмейді басқа кәсіп төбелестен.
Халық ақыны Ныяз ОЖАНОВ,
Жезқазған.

ЖАУАП

«Пионер» журналының 1949 жылғы 4-санындағы кроссвордтың шешуі.
1. Параллелограмм. 2. Минус. 3. Сектор. 4. Радиус. 5. Синус. 6. Сегмент. 7. Теорема. 8. Аксиома. 9. Апогема. 10. Архимед. 11. Доға.
Дұрыс жауабын бірінші жіберген Мақамн ЖАПАРОВ.
Ақмола облысы, Калинин ауданы, Таубай жетіжылдық мектебі.

МАЗМҰНЫ

А. Хангелдян — Мектебім — Левия мектебі	мұқабаның II б.	
К. И. Гурова — Жаңа оқу жылында зор табысқа жетіндер		1
М. Иманжанов — Ауыл мұғалімі (повесть, жалғасы)		2
Х. Ерғалиев — Бақшашы бала Оспантай (өлең)		5
Ж. Тұрбеков. — Кітап (өлең)		6
К. Сәденов — Қысқа әңгімелер		7
Ю. Тувим — Янек (өлең)		8
Т. Шойынбаев — Халық батыры		9
К. Елемесов — Жауынгер-жазушы Достық салтанаты		9
		10
Т. Дарқанбаев — Ұлы физиолог		12
И. П. Павловтың жастарға хаты		14
М. Саламатов — Екі өлең		14
Біздің почта		15
М. Оспанов — Отлично деп ұнатты (өлең)		19
Н. Оспанова — Зябь жырту — мол өнімнің негізі		20
М. Зверев — Кішкене құс		21
«Электркөз»		21
Жаңа Болгарияда		22
«Алтын жұлдыз»		22
Қайыркен — «Тартыс»		23
В. М. Зимин — Тосқауылды эстафета		23
Мектептің спорт алаңы		23
Демалыс сағаттарында. Кроссворд, жұмбақтар		24
Б. Байқадамов пен Б. Исақов — Оқушы жастар жыры(ән) мұқабаның III бегі		

Редколлегия мүшелері:
Т. Абдрахманов (жауапты редактор) Э. Бектұров, Х. Доспанова, К. Жармағамбетов, М. Иманжанов, Э. Сәрсенбаев, Э. Сыдықов, А. М. Черкасский.
Тех. редактор М. Н. Юровский.

Редакцияның адресі:
г. Алма-Ата, проспект Сталина, 73.
Редакция журналы «ПИОНЕР».

Подписано к печати 24/IX 1949 г.
УГ05026

Объем 3. п. л. Тираж 10.000

Гостипография № 3 Казполиграфиздата при Совете Министров КазССР
г. Алма-Ата Заказ № 651